

Ғабиден ЕСЕНБЕК

Бекпенбеттің Ахметжаны

2017



Бекпенбет Ұлжан Ахметжанқызы

АМАНАТ

1930-1933 жылдары репрессия құрбаны болған, Ақтоғайымыздың аяулы ұлдарының бірі Бекпенбеттің Ахметжаны. Саяси қуғын-сүргін қасыреті шарпыған, дала қазақтарының аянышты тағдыры. Кеңес үкіметінің құйтырқы саясатына қарсы, Тоқырауын елінде көш бастаған батыр атамыздың ерлігі жайлы, өмір сүрген орта жөнінде, әңгіме болып, тарихи-әдеби процестегі алғашқы зерттеу. Бұл кітабымды Бекпенбет Ахметжан атамыздың әруағына тағзым етіп, рухына арнадым!!!

Есенбек Ғабиден Мұхаммедкәрімұлы

ТАРИХ ТЕРЕҢІНЕН МАҒНАЛЫ ДЕРЕК

Менің ізбасар шәкіртім Ғабиден Есенбековті бүгін жаңа қырынан танығандаймын. Ол ұлт тарихын ғылыми – зерттеу жолында біраз нәтижелі еңбек еткеніне қуаныштымын. Ұлттық салт-дәстүрлердің, ырым-рәсімдердің, дәстүрлі әндердің, терме-толғаулардың қыр-сырын терең ұғынып, казаки өнердің, мәдени мұралардың түп нұсқаларын бұлжытпай сақтауға бар ықыласымен кірісіп, өзіндік үлесін қосып жүрген сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Мұрағат қорларын ақтарып, ақиқатты насихаттайды. Бұл үлкен еңбек, әрі өз ұлтына деген азаматтық ардақ қызмет. Соның бір айғағы тектілер мекені – Тоқырауын бойынан шыққан ірі тұлғалар мен тағдырлары тәлкекке түскен қыр азаматтарына арналған осы туындысы. Ғабиден Астанадағы «АЛЖИР» республикалық мұражайының негізіп қалаушылардың бірі, тарих тереңнен талай кінәсіз күрбан болған боздақтарды тауып, жариялауға еңбек етті. Сол ізденіс, өткенге деген ықылас өзінің атажұртындағы халық басынан кешкен жайларға бет алдырған екен.

1931-33 жылдардағы аштық нәубеті, күштеп ұжымдастыру саясаты, қолдан жасалған қырғын, 1930-жылдан басталған саяси қуғын-сүргін қасіреті шарпыған дала қазақтарының аянышты тағдырлары ғылым жолына түскен Ғабиденнің назарынан қалт қалмаған екен. Бүгінгі ұрпақтарға «депортация», «спецпереселенцы», «халық жауы», «58-статья», «концлагерь», ату-айдау деген мағнасы жағынан қорқыныш тудыратын ұғымдар өмірде болмағандай көрінеді. Халық басынан өткен, XX ғасыр тарихының қаралы беттері әлі де ашыла бермек. Оны зерттеуді ғалым Марат Әбсеметов, Ғабиден Есенбеков, Ерлан Мұстафин сияқты ұлтжанды азаматтар жалғастыра деп сенемін.

Ғабиденнің бұл кішігірім кітабы Ақтоғай елі жайлы деректермен құнды. 1929-1932 жылдары Кеңес үкіметінің құйтырқы саясатына қарсы Қазақстанда 400-дей көтеріліс болғаны белгілі. Соның бірі Ақтоғай елінде «Уық көтеріліс» атанған қыр халқының қарсылығы. Осы көтерілісте қол бастаған Сармантайдың Ахметжаны – тұғыры биік өнер иесі, күйші, Бижанның Сүлеймені, Смаилдың Жақыпбегі, Бекпенбеттің Ахметжаны Құбылтайдың Ахметі, Оразбектің Жұмабегі, Айдаболдың Ағдарбегі секілді елдің бетке ұстар азаматтары қуғын-сүргін құрығына ілінді. Атылды, айдалды. Елге белгілі бір дерек бойынша Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан 1922 жылы еліне Желтау даласына келіп, бір сүргіннің боларын сезін ауыл жақсыларымен әңгімелесіп, ақыл-кеңес береді. Сонда інісі Базылханға төрт жақсы ат, төрт ширақ жігіт дайындатады. Ел билеген, тектілер деп төрт Ахметжанды шақыртады. Олар: тобықтының ішінде Сармантайдың Ахметжаны, Бекпенбеттің Ахметжаны, Шетте Талпақтың Ахметжаны, шомақ Ахметжан сынды би-

болыстар еді. Сонда Әлекең: – Мен ұзақ жолға шығамын. Мәскеуде Сталинмен кездесемін. Қайта айналып көрісеміз бе, жоқ па бір құдай біледі. Елге ие болыңдар. Малдарынды кедей-кепшікке таратыңдар, жекжаттарға бөліп беріндер. Егін салыңдар, – деп халыққа қамқор болуды тапсырғанын, 103 жасаған Әлиманов Рамазан ақсақал айтқан еді. Рамазан-ата Семей қаласында Әлихан Бөкейханның атқосшысы болған, дәм-тұзын бөліскен, жақын серігі болған кісі. 1929-30 жылдары Алаш көсемінен өсиет алғандардың бірі Бекпенбеттің Ахметжаны да «бүлікшілер» қатарында тұтқындалып, айдауда болды. Ол елге қайтып келген соң, Ақтоғай жерінде топырақ бұйырса, оның үзеңгілес жерлестері мен Алаш арыстары елі үшін құрбан болды. Саяси қуғын-сүргін дала қазақтарына каншама тізе багыра қиянат көрсеткенмен, рух биіктігі сонша, КСРО-ның алып азаптаушы машинасына қасқая қарап, мерт болды, түрмелерде азап шекті. Бірақ олардың сағын сындыра алмады. Өткен заман ағымын дөп басқан Ғабиден беймәлім ауыл өмірін, тектілер өнегесін, ұрпақтар жалғасын дәлелді деректермен көрсете білген. «Шер көп қой айта берсек», – деп академик Қайдар Арыстамбеков айтқандай, ұлтымыздың тарихынан шер тарқатар ақиқатты айғақтайтын үлкен-кіші деректер жарық көре берсе, ұрпақтар санасына рухани азық болары хақ.

Оқырман қауым осы кітапшада жазылған дала өмірінен едәуір мағналы деректер табады деп ойлаймын. Ізбасарымның бұл қадамына сәттілік тілеп, ата-баба рухы қолдасын дейми.

Күләш Сардарбек, тарихшы-олкетанушы, ҚР Журналистер Одағы мүшесі, ҚР ММ «Мәдениет саласы үздігі», Қазақстандағы Ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығына арналған ескерткіш медалінің иегері.

КІРІСПЕ

Бұл жазылған әңгімені сәті түсіп, нағашым 2016 жылы 5 қаңтарда Балқаш қаласында ұлы нағашым Мәулит Оқубайұлы қайтыс болуына арналған аста кездескен Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылының бас имамы Айдаржан: – *Ғабекке, мен Қазбекке арапшадан аударып берген Бекпенбеттің Ақметжанының қызы Ұлжанның қолжазбасы бар, ол аманат қылған сол Опидың Қазбегінде*, – деді. Мәулиттің үлкені Төкентай нағашым, біржағы досымнан Қазбектің келетінін білдім. Бұйымтайымыз қолжазба екенін білген соң Қазбек: – *Баяғыда мен «Тоқырауын тынысы» газетінде қызметте жүргенде, 2007 жылдары Құржық-Бекұлы Сопы-Әбдырбай-Рақымжан-Қасенбек-Ермек баласы Берік осы қолжазбаны әкеліп берді. Бұл азамат Балқашта ішкі-істер бөлімінде қызмет атқаратын, Берікке аманат жасап Алматыдан әкелген Бөртебай Сара Қапасқызы, «туған жері Ақтоғайдан күндердің күнінде кітап қып шығаратын бір азамат тұар», – деп армандан кетіпті*, – Бекпенбет Ұлжан Ахметжанқызы. Тораңғалық ауылы әкімі Ештанаев Қазбек қожаның Тораңғалықта өз үйінде екенін айтты. Саят ініммен барып мұра болып жеткен қолжазбаны Айдаржаннан алдық. Айдаржаннан қалған арапшаны қызым Елікай арапшадан аударды. Баспаға қызым Мақпал дайындады.

Ақбілек шешеміз Нұра бойынан руы Тоқа Сәкен Сейфуллинге жақын туысы екен. Арқада атақты төрт Ахметжан болған: Бекпенбеттің Ахметжаны, Токсан Сарымы Талпақтың Ахметжаны, Сармантайдың Ахметжаны, шомақ Бертістің Ахметжаны. Сол қиын қыстау кезеңде елін – Тоқырауын бойын жаулардан қорғап, ақтар қашып, қызылдар қуғанда, ел арасында алауыздық туып, ауыл қазақтарын бір-біріне қарсы қойып, малдарын ұрлап, егіндерін таптап, береке қашты. 1928 жылы күшпен ұжымдастыру саясаты осылай басталып, кедейлердің ақырғы малын тартып алды, бір пұт бидайын қалдырмай салық салып қан қақсатқан кезде бетке ұстар азаматтар ара түсіп, солармен шайқасып бас көтерді. Солардың ішінде Бекпенбеттің Ахметжаны да белсене атсалысты. Сол үшін Ақтоғайдың түрмесіне жабады. Мұрағат деректеріне қарасақ, 1930 жылы Құржық Бекқұлы одан Бекпенбет, Бекпенбеттен Ахметжан, бұл да ұзақ жыл би болған. 1905-1907 және 1910 жж Тоқырауын болысы, №10 ауылдың бні. 1905 жылғы атақты Қарқаралы петициясына Қарқаралы округінің 21 болысынан, әр болыстан екіден қол қойған елдің атақты 42 адамының бірі осы Ахметжан. Бекпенбетұлы. Досымбек Бекпенбетов, Бекпенбеттің баласы, жоғарыдағы Ахметжанның ағасы 1911-1913 жж, 1914-1916 жж, Тоқырауын болысы, №10 ауылдың бні болған. Ахметжан Бекпенбетұлы 1865-жылы туылып, 1932 – жылы қайтыс болды. Ол үш әйел алған кісі. Балалары Әсет, Шаймерден, Шорман, Махмет, Мубарак,

Ұлжан туған, Мақмұт жас кезінде қайтыс болған. Екінші әйелі ендікпе ауруынан қайтыс болып, 45 жастағы атамыз Ахметжан үшінші рет 18 жасар Ақбілекпен бас қосады. Ақбілек 1972-жылы қайтыс болады.

Осы кітапты шығаруға негіз әрі себеп болған қолжазба жазып қалдырған Бекпенбеттің Ахметжанының үшінші әйелінен туған жалғыз қыз Ұлберген /Ұлжан/. Ахметжан атамыз 67-жасында қайтыс болған. . Туған жері Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылы, Қасабай бөлімшесі, оз атына қойылған. Ахметжан қыстауы. Алматы Мемлекеттік мұрағатынан бас жұмысы табылып, сонда Қарқаралы петициясына 1905-жылы қойылған қолы тұр.

Есімде, 1967 жылы жаз айында әкеміз Байсеркин Қайырбек Қарқаралыдан Досымбектің қызы Күлзияны көшіріп әкеп, Ақтоғай ауданы Қаратал совхозына конторға есепші етіп, жұмысқа орналастырды. Балалары Қайдар, Қарлыға, Қайратпен бірге оқыдым. Досымбектің қызы Күлзия Шабанбай би ауылында марқұм болды. Колымыздан келгенше еңбек жасадық, аруақтардың алдында қарыздар болмау үшін қолдан-қолға тығып, үрейлі 1937-ден қалған қолжазбаның балконда су-су болып, сарғайып, қурап кетуге айналған нұсқасын сақтап қалдық. Ұлжан анамыздың аманатын орындауда, ел тарихының ақтандақтарын ашуда өз үлестерін қосып, үлкен еңбек сіңірген Қазбекке, Айдаржанға, Елікай Ғабиденқызына Алланның нұры жаусын, қасиетті бабалар рухы қолдап, тасқа тамыр біткенше таршылық қормесін, мұзға бидай өнгенше мұншылық көрмесін деген ниетпен рахметімді айтамын. Әумин!

Қазақстан Республикасының мәдениет
қайраткері және жазушылар одағының
мүшесі *Ғабиден Есенбек*.
Астана қаласы.

БЕКПЕНБЕТТІҢ АХМЕТЖАНЫ, НЕМЕСЕ ҰЛЖАННЫҢ ҚОЛЖАЗБАСЫ

– Шала өліп қайта тірілдім. Ол кезде мен 12-ге шыққан кезім. Жас кезімде өткір қыз болсам керек. Шешем байқұс мінезі әкесінен айнымайды деп айтып отырушы еді. «Құдай тағала мұны маған ұл қып бермеді. Үй-іші ылғи большебек», – дейтін. . – Атым Ұлжан, неге большебек дейді, – десем, 1918-жылы туғанмын ғой. – Большебекті ала келді! – деп айқайласа керек. Менің әкем Ахметжан жас шағынан-ақ өткір, қайратты, өзі палуан болыпты. Әкесі Бекпенбет шаруасы шағын кедей болған екен. Кедей болса да еліне қадірлі, батыр болған. Кедейлерді аяп, қорғап жүретін кісі болыпты. Әкем Ахметжан 18 жасында мойнына мылтық салып (қамалға) жауға шапса керек. Өйткені ол уақыттарда елді шауып, өлтірін, қыздарын, малын тартып әкетеді екен.

Елін қорғау үшін, жүрегінің оты бар балалар 15-18 жасынан-ақ жаумен атысып, сайысып, найзаласып, елді жауына бермей – ді екен. Шешем елге аңыз етіп, айтып отыратын. Кішкене кезімнен құлағыма сіңген әңгіме жүрегімде ұмытылмай қалды. Ал менің әкем Ахметжан да кедей болған. Еліне қадірлі, елі сыйлаған екен. Өкем үш әйел алған дейді. Алғашқы әйелі өлген, одан балалары қалған.



Ауыл өмірі

Екінші әйелі де ентікпе боп ауырып қайтыс болған екен. Үшінші әйелі менің шешем **Ақбілек**, 1972 жылы қайтыс болды. Шешем шаруалы байдың қызы болыпты. – Қарағым Ұлжан, әкең кедей, мылтығын, қылышын керегеге асып қойып, найзасын шапырасынан шығарып қойып, өзі демалып ұйықтайды, – дейтін. Анам кейінгі кездері өткен өмірін аңыз етіп маған айтып отыратын. – Апа, сол уақыттарда сізді қалай кедейдің баласына берді? – деп сұрадым. – Мен әкеңе келгенде 18-дегі қыз едім. Әкең 45-те болған. Ол уақыттарда 45-тегі бір сырлы, жаудан беті қайтпаған батыр еді. Мен батырлығына қызығып тидім, – деді. Шешем екі қатынның баласының үйіне келіп, сол балаларды бағып адам қылып, өсірген екен. Бұрынғы замандарда, қызды еріксіз батыр, елін қорғайтын адамдарға береді екен. Әкем Ахметжан бергін келе кедейлердің сөзін сөйлеп, кедейлерді қорғайды екен. 1908-жылдар болса керек. Ахметжанды старшын етіп сайлапты. Кедейге салған салықты байларға салады екен. Кедейлер: «Ахметжан, байлар шабындығымызды жеп, егінімізді қаусатып кетті, енді қалай күн көреміз», – деп жылап келеді екен. . – Олай болса, өз обалдары өздеріне, малдарын ұстап, сойып жендер. Осыменен неше еңіреп жылап келдіңдер. Мен жауабын беремін, – дейді Ахметжан. Кедейлер ұстап біраз малдарын сойып жей бастапты. Байлар – мұны жасатып отырған Ахметжан. Әуелі алдына барайық, не айтар екен деп, Ахметжанға келеді. – Мынау малымызды сойып жеп қойыпты. Бұл не басынғандарын? Сендер кімсіңдер сонша? Ақметжан саспай жауап береді. – Дұрыс істеген олар. Сендер малыңды сұрап келіп отырсыңдар. Ал бұлардың қыстағындағы шөптерін, егіндерін малдарың жеп қойған. Бұлардың бірнеше рет болып отыр. Жылдағы әдеттерін, малдарыңа ие болыңдар. Егіндерін, шөптерін жемесін. Бұлардың бала – шағасы не жейді, аздаған малдары не жейді? – деп сұрайды. – Бәсе, мұның бәрін жасатып отырған сен екенсің ғой, біз жоғары жақтарға шағым – арыз жазамыз, – дейді.

– Жаза беріңдер, сіз домалақ арыз дейсіңдер, қысқасын айтқанда, сендердің кеуделеріңе нан піскен озбыр, надан елсіңдер, – дейді.

Жандарымға арыз-шағым жазады. «Ахметжанды ұстап отырғы – зыңдар түрмеге, ол астыртын большевиктермен де кездесер кеңесі бар», – деп, неше түрлі қайта-қайта арыз жаза береді. Дүрілдеп «ұстатамыз, құртамыз» деп қуансын.

Жаз айы Шұбартау-Айыртас арқылы Ахметжан Семейге кетіпті. Семейде біздің жақын туысымыз болса керек. Біздің үйге үш ат жеккен орыстар үш кісі үйге кіріп келді. Үйдің іші абыржып қалды. Біреуі – перауатшілік, екеуі – солдат. «Үйдің қожайыны, Ахметжан қайда?» – деп сұрайды. Шешем: – Ахметжан үйде жоқ, ол жолаушы кеткен, Ташкентке, – дейді. Ауылда үш күн болып, қайтып кетеді. Тағы да байлар (дұшпан), тағы да арыз жазады. Бір жыл өткен соң, тағы да алты



кісі келді. Бесеуі солдаттары. Жандарым Арақбай ауылына келіп, дереу ұстандар деп жатады. Аспан деген кедей шал болады екен, «сені ұстап әкетуге жандарым келіп іздеп жатыр» деп әкеме хабар береді, . Ахметжан: – Мені іздеп келіп пе, жарайды, мен өзім сәлем беріп, шығайын, – дейді. Үй-іші жылап: – Ойбай барма, қашып кет, – дейді.

Ахметжан: – Мен қашатын қатын емесінін, – деп жандарымға келеді. Кедейлер «ұстауға келіпті», – деген хабарды естіп, таудың астына жиналады да, қолдарына сойыл алады.

Ахметжан үйге жандарымға кіріп келеді. – Ассалаумағалейкум, жандарым мырза. Мені ізден жатыр деген соң, келіп тұрмын. Не айтпақшы едің? – дейді.

«Мынау кім, іздеп келген?» – деп орнынан ұшып тұрады. Переводчик: – Ахметжан деген азамат осы, – депті. Менің әкем Ахметжан ұзындығы екі метр, қазанат жауырыны қақпақтай, мандайы биік, нағыз қазақ, қызыл-сұр кісі болыпты. Жас кезінде өте көркем болса керек.



Академик Әлкей Марғұлан зерттеген Бегазы Дәндібай мәдениеті

Жандарым: – Сені тентек байлар жек көреді. Тағы да жаман жұмыспен қатысы бар дейді. Одан басқа не істеген. Кедейлер салған салықты байларға салғансың, малдарын сойып жеп қойғансыңдар. Сені түрмеге әкетем, журнал қайда салықтың, – дейді. Ахметжан: – Кішкентай қосым болатын, тартқан шылымнан өрт кетіп ұйықтап жатқанда журналым да қасымда өртеніп кетіпті. Журнал жоқ, – дейді. – Екінші

айтарым, салықты байлардың малы көтереді. Кедейдің он, он екі балалары болады, күнін көре алмай отырған кедейлер несін береді. Балаларының да, әйелдерінің де кнімі жоқ. Жандарым: – Қолын байла дереу! – деп айғай салады. Солдаттары Ахметжанның қолын артына байлап арбаға отырғызады. Өзенді жағалап өте бергенде кедейлер, сойылмен ұрып бәрі бас салады. Біраз жерге жаяу айдап, өздерінің мылтықтарын қолмен жинап алады. Ахметжан жандарымға: – Қазак жеріне – меніреу далаға көп солдат болмаса, мені әкете алмайсын. Көрмейсің бе, ашынған кедейлерді, – деп, мылтық қаруларын өзіне қайтарып, қоя береді.

1915 жылдарда жолаушы болып Қарқаралы қаласына кетеді. Үйдің ішіпде балалар, шешем, тағы туыскандар келіп жатқан. Біздің үйде түлкі алатын Қаракұлак деген тазы болыпты. Әкем Ахметжан Қаракұлакпен түлкі, қасқыр аулайды екен. Қаракұлак өте ақылды ит болыпты. Күздің күні болса керек. Қараша айлары. Күндіз Қаракұлак есікке кіріп торге қарай арсылдап үреді. Енді біраздан соң, далаға шығып кетіп үйдің төбесіне шығып арсылдап үреді. Қайта жерге түседі үйге кіріп арсылдап үреді. Шешем: – Ай, балалар қараңдаршы далаға шығып, мына Қаракұлак неменеге үріп жүр дейді. Балалар, үйде жүрген жігіттер, шығып қарайды да үйге қайта кіреді. Бір мысықты көрдік, онан басқа ештеңе көрінбейді деп. Қаракұлак тазы қоймай, қайта қай – та үреді. Шешем. – Өзім далаға шығайыншы. Шөптің жанын байқау керек. Әжем айтушы еді өрт, жаманшылық боларда ит біледі деп. Барлық қораларды үйдің төбесін, шөптің айналасын қарайды, ештеңе көрінбейді. Кеш батып бара жатқанда Ахметжан қаладан келеді. Аты терлеп сабылған, қораға қойып, өзі үйге кіреді. Сәлемдеме қант, шәй, өрік мейізі бар. Балалар қуанып жеп жатады. Қаракұлак Ахметжанға еркелеп, алдына келіп жатады, тағы да далаға шығып шөп жаққа қарай үреді. Шешем әкеме: – Қаракұлак маза бермеді, бізге үре береді, – деп айта бастайды.

Үй-ішіміз тамақ ішіп, қаланың жағдайын сұрап, әңгімелесіп отырады. Біраз отырып жатады, ұйықтай бергенде түн іші, жігіттерден біреу әкеме: – Ойбай, мынау не түтін? – дейді. – Ат қора өртеніп барады, дегенше, үйдің іші түтінге тола бастайды. Есікті ашып қалса, жалын үйге қарай кіреді. Ахметжан: – Саспаңдар, балаларды кигізге орап далаға шығарыңдар! – дейді. Терезені аяғыменен теуіп ашып, далаға жөнеледі. Әкем Ахметжан: – Қымызды әкел, ақ өртті жылдам басады, – дейді. Әкем қаладан келсе, ішін деп шүлпілдетіп қойған қымызын өртке қарай шашып – шашып жібереді. Тайқазанмен тұрған қымыз көжені де шашады. Өртті әрең дегенде сөндіреді.

Ахметжан сарайдағы киіз үйдің киіздерін әкеп, терезені жабады. Қаракұлактың күндізден үргені, біреу келін қораның артындағы шөпке жасырынып жатқаны. Кім болды екен дейді. Шешеме әкем: – Ол

Көпжасар болар, – дейді. Шешем: – Не деп тұрсың, ойбай-ау, ол ағайындар емес пе?.

– Ал, мен қазір таң ата ізіне түсемін, әуелі үйдің үстіне шығып қараймын. Үйдің төбесінде шаңырақтың астына келіп жатыпты да күндізден байқайды. (қазақ қыстың күші киіз үйдің шаңырағын, үйдің төбесіне қойып су тимесін деп шөппен жауып қояды екен.) Ахметжан шаңырақтың астын қараса, таяқ жатады, таяқты үйге әкеліп кіреді де: – Мынау Көпжасардың таяғы. Мен мұны қолына ұстап жүргенде талай рет байқағанмын, – дейді.

Күндізден келіп шаңырақтың астына жатқанда, біз ұйықтадық деген кезде, қора жақтан шөпті әкеп үйге орт қойған. Атын ертіп мініп ертеңіменен ізіне түссе, Сатбай ауылының шетінде тұратын бір үйге келіп шай ішіп отырған жерінен ұстап алады. Ахметжанды көріп шошынып қарайды. – Қай жақтан келесің, Көпжасар, мына таяғыңды ұмытып кетіпсің. Сен менен қорықпа. Жалғыз-ақ барлық шындықты айт. Сені кім жіберді өрт қоюға менің үйіме. Бұл ақыл өз туысыңмен сенің қолыңнан келмейді. – деп сұрайды. Егер де айтпасаң қалаға жаяу айдап атқызып тастаймын. Мен сені ұрмаймын, тек қана кім жіберіп отыр сені кім жібергенін ішім сезеді, – дейді.

Көпжасар еңіреп Ахметжанға жалынғандай жылай беріпті. – Мені өлтірмек, Түсіпқоңыр Ұлықпанның Сәдуақасы және Түсіпқан деген байлар ат беремін. , сауып ішуге сиыр беремін. Ахметжан үйінде жоқ. Үйінің ішін өртеп кел, егер де бармасаң өлтіремін, – деді. Мен: –

– Ойбай, қалай өз ағайынымды, үйін, бала-шағасын өртеймін деп, жыладым, ұрып соғып есімді шығарды, – дейді.

Шындықты айтқан соң ұрмай соқпай қоя беріпті. Көпжасар деген кісі кедей нашар, кім алдаса соған еретіп, арам, қорқақ екен. Жаз шығып мал жақпа жайлауға көшіп, Ахметжан біраз елді жинап Түсіпқанның ауылына қарай келе жатады. Түсіпқанмен бетпе – бет сөйлескісі келді. Түсіпқан өз үйінде біраз адамдармен отырады. Ақ үй, қымыз ішіп, сөзді соғып отырады. Өзі мылжыңдау, қорқақ арам, адам болса керек. Байлықтың арқасында атқа мініп кісі болып жүрген.

Сырттан біреулер: – Ахметжанның қасында бір топ адамдар бар, – деп хабар береді. Түсіпқан дірілдеп: – Ойбай, мен тығыламын, тығылыңдар. Мені жоқ, кетіп қалған деңдер. Үстіне түйенің жабуын жамылып есіктің алдындағы жерошаққа кіріп тығылып жатады. .

Ахметжан үйге кіріп келеді: – Немене жауыннан ықтаған ешкіше бүрісіп қалдыңдар. Түсіпқан қайда? Сөйлесуге келдім, – дейді.

– Түсекең жолаушы кеткен, үйде жоқ, – дейді. Ахметжан: – Жарайды жоқ болса, олай болса ол маған келсін, – деп жүріп кетеді.

1916 жылдарда елге қазақтан әскер алады деген осек тарайды. Шешемнің айтуы бойынша біздің туыс ағайын Арақбай жүзден асқан

ақсақал болыпты. Ол кісі 115-ке келін қайтыс болыпты. Үйде отыр едім бір шал есіктен кіріп келе жатты: – Жоғары шығыңыз дедім. Бірінші рет көрдім. Жүзге келген шал бар деп ел айтатын.

– Шырағым келін балам, Ахметжан қайда? – деп сұрады.

– Балқашқа жолаушылап кеткен. – Айтайын деген сөзім бар еді. Осында оңбағандар осек жайып жүрген көрінеді. Ахметжанды өлтіреміз, біздің балаларымызды әскерге бермек болып келіпті. Осы жақын уақытта соғыс болады деп, елді жинап ақсақалдар бастап, байлар ақ ту алып қолына Қасабай өзенінен өтіп келе жатыр деген сөзді естіп, Ахметжанға айтайын деп келіп едім. Қашан келетінін айтпады ма? Үйдің ішінде үрей жоқ. – Не деген сұмдық, өтірікті қай жерлерінен айтады, Ахметжан келмесін үйге, – деп шешем хабарлап жатады.

Ахметжан түнде келе жатқанда жауын құйып кетеді. Үсті басы су, шаршаған қараңғыда келе жатқанда әкесінің моласын көреді де солай қарай жүреді. Әкесінің моласының ішіне кіреді. Атын да кіргізеді, аздап демалайын, жауын басылсын деген ой келеді. Моланың төбесі биік. Жабық болса керек. Ұйықтап кетсе, біреу жұлқылайды, өзінің әкесі екен дейді.

– Тұр-тұр шырағым Ахметжан, сені жау басып барады, кет бұл жерден, – дейді. Ахметжан шошып орнынан ұшып тұрады. Аты басындағы жерді теуіп орнынан ұшып тұрады. Тысқа шықса, күн жауғаны басылған. Атына қайта мініп келе жатады. Қай кезенді аса бергенде, алыстан шу шыққандай құлағына естіледі. Атынан жерге түсіп тыңдайды. Аңғарда шу-шығай, тыңдап тұрады. Атын байлап жаяу сайға түседі, әлден уақыттарда: «Өлдім, ойбай! – деген дауыс қатты шығады. Әкем қайтадан атына мініп, ауылда бір сұмдық болып жатқанын сезіп, Құлсары Қожағұлдардың еліне кісі жіберемін деп шоп шауып жатқан, жиеншілерге қарай жүреді. Келіп қымыз ішіп, ауылда не болып жатқанын біл деп жібереді. Аз уақытта кешікпей қайтып келеді: – Шорманды ұрып кетіпті. Өздері сізді аңдып отыр, – дейді. – Жарайды, құр кеуде гой, кара күш, мені өлтіру оңай болыпты, ақымақтар. Ал, мына Қожағұлдарға хабар бер, түгел жиналсын да, осында келсін. Құлсары құлықтар Қожағұлдар, Арақбайлар – бұлар жабысар жаны ашитын кедей болса, – дейді екен бұрын. Бәрі жиналып оларды сойып салып, шокпарларын алып келген.

Ахметжан жылқыдағы Құлагер бәйгі атын алғызып жаратады. Ағасы Досымбек те келеді. Әкемнің ағасы Досымбек, ол кісі де батыр болса керек. Үш күннен кейін ауылға келсе, бұлар аттарының жал-құйрығын түйіп байлап қойған. Байлар басына ақ сәлде орап, ақ туларын көтеріп таудың басында отырады. Шешеме келіп :

– Ахметжан қайда айт, айтпасаң өлтіреміз! – дейді. Шешем: –

– Сонша не болды. Ахметжанды мен өлтіретіндей. Ол менің қасымда отыра ма, қайда кетеді әуелі сөйлесіп түсінбейсіндер ме, – дейді. Ішіндегі біреуі: – Әйелін өлтіріп кететіңк; сонан соң оңай қолға түседі, – дейді. Қасындағы бір ақсақал тұрып:–Қой патшағар, не деп тұрсын, әйелінің не жазығы бар. Ахметжан келсін, сөйлесеміз, оның өзі керек, – деп аттарына мініп тауға қарай кетеді. Аңдып жүреді. Үйге әкем Ахметжан келсе, неге үйге келдің, сені іздеп, өздері тау ішінде жатыр, – дейді, не болғандарын бәріні айтады.

Ахметжан қылышын асынып, мылтығын мойнына салып келдегіш тоқымына қысып, өздеріне керегін алар менен, – деп, шешемді сүйеп: – Қорықпа, Ахметжанның жалғыз көргені осы дейсің бе, олар менің үйге келгенімді көріп отыр. Мен оларды мына дүрбімен көріп келдім. Олар қорқып тұр. Ал, Ахметжан қорықпа, менде жасағымды жинап келдім. Оларда анау Қарашоқының бауырында жатыр, – дейді. Мен моллаларды шақырамын, қазір мылтықты аспанға қарай атады, үш рет әкемнің жасағы – семіз аттар жарап тұрған, аспанға секіріп жосытып келе жатады.



Ахметжан қыстауы

Байлар (дұшпан), олар да ақ туларын ұстап келе жатады. Ахметжан тосып тұрады, жасағы келіп қосылғанда айғайды салып қарсы шабады, қолдарында сойылдары бар екен. Ахметжанның қолында найза, қылыш, мылтық. Оларда да бар мылтықтарын көздеп, атуды білмесе керек. Ахметжан атпайды. Найзаның ұшыменен іліп алып, атынан лақтырып тастай береді екен, алдында найзасын ұстап Құлатай оң жаққа-бесеуін, сол жаққа бесеуін лақтырады екен. Артында Досымбек келе жатады.

Ахметжан інісін қорғап екі батыр жүргенде ешкім ала алмаса керек. Құлатайды «он кісілік Құлтайым-ай» деп отырады екен. Ахметжан тақымына басқан келдекті алты-жеті кісі ала алмайды дейді. Атта отырғанда, үстіндегі шынжыр сауыт көйлек темірден жасалған дейді. Ел ішінде де аңыз болған. Сол үстіне киген темірден жасалған сауытты, астындағы ер тоқымды Семей губерниясына бара жатқанда Қусақ ауылында Тобықты Дауқара-батырдың ұрпағы Манас-Асылбай, Ахметбек Байкабатұлы сыйлаған деп айтып отыратын. Ол кісі ісер, сынықшы, ағаштан түйме түйетін ұста. Дауқара батыр Ағыбай батырдың оң қолы болған екен. Ахметжан палуан, жауырыны жерге тимеген. жасынан жауға шауып шыныққан, анау – мынауды қолыменен көтерін лақтырып тастай берсе керек. Жауларменен айқасып, кетіп бара жатады. Олар, аттан түсіп жеңілгендерін білдіріп қарсылық жасамай тұрады. Олар тоқтаған соң, Ахметжан бастаған жасақ олар да тоқтайды. Байлар Ахметжанға сөйлескіміз келеді деп, кісі жібереді. Ахметжан байларға келеді: «Е, қалай молда, ишандар, шаршадыңдар ма? Енді не керек сендерге, қараңғы надан қазақтар. Мені өлтірем депсіңдер, ал мен келдім. – Ахметжан, біздің сенен сұрайтын сұрағымыз бар, – дейді. Ахметжан: – Не сұрақ, менен не күтін тұрсыңдар. Босқа шауып, баяғыдан бері неге сұрамай қалдыңдар, сұрандар, – дейді.

– Сен қалаға, Семей губерниясына барып біздің балаларымызды солдатқа беретін болып келіпті деп естідік. Рас па айт, – дейді.

– Мұндай сөзді айтып таратып келген кім?

Екінші елді түршіктіріп соғыс болады деп жүрген кім? Кімдер?-деп сұрайды. – Мен ешқайсыңның балаларынды солдатқа алуға бергім келгені жоқ. Екіншіден, қазақтан солдат алынсын деген ұран сөз жоқ. Ал, егерде заң шығып, қазақтан алынсын солдат десе, бас тарта алмаймыз. Әзірше әлі ештеңе жоқ. Ал елді түршіктіріп жүрген мырзалардың қазір өз аузынан естиміз. Өтірік айтып шауып жүрген Лұқпанның Садуақас деген баласы екен. Ол кезде Ахметжанмен қатарлас, атқа мінер байдың баласы, «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс». Ахметжанды қайтсем құртамын деп жүрген. ежелгі жауы.

Ахметжанның алғашқы әйелінен туған, Шорман, Мақмұт деген балалар болған екен. Мақмұт орысша оқиды екен гимназияда. Кешкі демалатын уақытта үйге келген екен. Біздің ауылмен жапсар отырған Төртіқара деген ағайындар болған; сол ауылдарға Есенқұл мен Мақмұт қыдырып барыпты. . Есенқұл шешемнің інісі екен. Барған соң, қонақ кетеді. Сол күні екеуі үйге қайтады. Үйге келіп бірер сағат өткенде ішім – ішім, ойбай, – деп екеуі де жерге құлайды. – Өлдім! – деп ішін басып дөнбекшйді де құсады. Құсығы қып-қызыл қан қарақұрым болады. Мұны әкем Ахметжан көреді де, бері келіндер деп үй інін шақырады. –

Мына құсыққа қарандар не пәле, у берген біреу. Қарағым Мақмұт қайда, қай ауылға барып едіңдер? Кімнің үйінде тамақтандыңдар?-деп сұрайды.

Мақмұттың тілі күрмеліп, Тортқара ауыл деп тілі күрмеліп сөйлей алмайды. Есенғұлды екі кісіменен пар ат жегіп шанаменен үйіне Нұраға жібереді. Үйіне барғаннан кейін өлген. Мақмұтта өлген. Екеуі де сол бір уақытта қайтыс болыпты. Үй-іші жылаған шу. Елге хабар береді. Ахметжан үй-ішіне жыламаңдар деп тоқтау салады. Бұл бір осыменен бітпейді. Әдейі «у» берген. Мақмұт орысша оқып жүр.

Әрі менің балам оқыса көмекші серігім, қанатым болмай ма!. Осыны біліп дұшпан өлтіріп отыр, – дейді. Үлкен баласы Шорман бауырым Мақмұтым деп отыр жылап. Елдегі бірге жүрген жігіттер, бауырымдап шауып келіп жатады. Ахметжан өлікті қойып келгеннен кейін ағайындарға жылап – еңіреп келгендеріне рахмет айтады. – Мақмұтқа қастықпен, у берген. Балам тілі күрмеліп айта алмай кетті, – дейді. Отырған жұрт «дүр» етіп: – У берген дейсің бе. ? Кім екенін білу керек. Ай, сұмдық-ай! – деп ел таңырқап қалады да – кімнің көзі қыйып у берді екен лағнаттар, қайран Мақмай ақылды еді, қандай оңбағандар ойлады екен мұны?. . . Шынында Мақмұт өзі сегіз қырлы, бір сырлы ақылды, тоқтамды жігіт болған. Аққұба, қыр мұрын, биік қабақ, ұзын бойлы. Көркем жігіт болыпты. Ел аңыз етіп айтып отырғанын да естідім. Бертін келе, қара бұйра шапты, орысша костюм киді. Жайдарлы, жақсы жігіт болыпты деп.

1918-жылдарда заң шығады, қалың мал алып қызды беру тоқталсын. Әр жерде старшыналар өкілдер елді жинап айта бастады. Қызылдар келді, байлар енді жөнге келіп партияшылар көбейді деп кедейлер қуанып жүреді екен.

1920-жылдарда заң шыға бастайды. Колхоз, совхоз болады. Байлардың малдары колхоз орталығына беріледі. Құр айтқандары болмаса, колхоз – совхоз бола қоймапты. Қызды малға сату, ол да тиылмаған. Жылатып, еңіретіп өз теңіне бермейді. Сексендегі, жетпістегі шалдарға қыздарды малға сатады екен. 1923 жылдарда менің бес-алты кезім, шешем бір ауылға тойға барамыз деп ертіп әкелді. Киіз үй, толған кілем, қып-қызыл ала жасылды құрақ көрпелер. Жігіттер олең айтып айтысып жатыр. Қарқылдап күлген ақсақалдар. Олең айтып қыз-келіншектер маз-мейрам болды. Олардың ортасында бір әдеміше қыз отыр. Ол жылап отыр. Мен таңқалып отырмын. Басқа қыздар олең айтып қуанып отыр. Мына бір қыз жылап отыр. – Апа, дедім шешеме, ана қыз неге жылап отыр? Менің сұрағым жауап бермеді. Мен тағы да сұрадым. Бір әйел маған қарап сен ержетіп өскенде тойда жылайсың деді. Мен жыламаймын, – дедім.

Бір жігіт айғайлап домбыраменен. өлең айтып отыр.

Қызды құдай несіне жаратасың,
мал бергеннің қолына қаратасың.

Енді бір жігіт:

– Өй, тоқтат сен жөндеп айтсаңшы.

Қызды құдай несіне жаратасың,
Қара шашын қасқитып таратасың.
Торға түскен торғайдай алақтатып,
Мал бергеннің қолына қаратасың.

Өлең айтып отырған жігіттердің ішінен бір қызыл шырайлы нашарлау киінгені: – Совет үкіметі келін ұран шығармады ма, қызды малға сату тоқтасын, – деп. – Ей, жігітім ұран деген не сөз? – деп сұрады. Ол отырып, ұран деген заң деген сөз.

Біз кішкентай жас бала.
Бұл не деген масқара.
Қалың мал алып қыз берсең,
кедейлер Советке жүзің қап-қара.

Тағы да айғайлап айтып келе жатыр еді. Бір еңгізердей басында инашы жоқ, қолына ат соғарын алып тартып-тартып жіберді. – Бар шық, заңың өзіне. Жаманның заң айтып большевик болғысы келеді. Большевиктер әуелі өзіне нан тауып жесін, – деді. Үйдің ішінде отырғандар: «Ей, балалар, қойыңдар, сендердің большевикте не шаруаларың бар. Тойды бұзбаңдар», – деп айғай салды. Әлгі қызыл шырайлы жігіт тұрақеліп шығып бара жатып: – Ішін күйсе тұз жала, талай тойда әлі кездесерміз, – деп шығып кетті.

Енді бір жас жігіт ол да қолында домбыра:

«Ой, ой!» байлар кетеді жайылып,
Малға қызды сатуды қойды,
Осы жалаңаш жүрген.

Байдың малын жеп тойынады – деп әндетсін. – Ей, мынау кім іріленіп өлең айтып күпілдеп отырған, сен бала енді тоқтат. Бірдене көрмесең, – деді.

Күздің күні қыстақтың жанында ойнап жүрдік. Нұрзия: – Ойбай ананы кара, солдаттар, – деді. Біз үйге ду етіп жүгіріп келгенше, олар да құйындай ұшып келе жатыр. Шешем: – Келсін, – деді. Олар үйге кіріп жатыр.

Ішінде бір сыйдидан орыс жігіті, басында теріден тіккен папак. Аяғында сыйдидан етік. Мойнында қылыш, мылтық асынған. Келе сала шешемнің зерлі ағаш төсегіне келді де аяғын төсектің басына қойып: – Қожайын қайда? – деді. Тағы да айғайлады қожайын, ат керек, – деп. – Қожайын үйде жоқ, жолаушы кеткен, – деді. «Не понимаю», – деп қасындағы жігітке қарады. Олардың біреуі қожайын алысқа кетпегенін

айтты. «Мылтық бар ма, қылыш бар ма?», – деп айғайлап жатыр. Шешем: – Қылыш, мылтық жоқ, – деді. – Үйді қазір тінтеміз. Тауып алсақ сені атамыз, – деді. – Ат! Жоқ, – дейді. Сарайды тінтіп жатыр. Ештеңе табылмады. «Тамақ бар ма, тамақ?» Шешем бар деп, өзімізге қуырып дайындап қойған қуырдақты салып әкеп қойды.

Бауырсақты тегеменен төкті дастарханға. – О, о! Апа, молодец, – деп жеп жатыр. Маған: – Ей, бала бері кел, айт, әкеңнің мылтығы, қылышы бар ма, сен айт. Айтпасаң атам, – деді. Мен: – Жоқ мылтық, – дедім де далаға қаша жөнелдім. Олар сақылдап күліп жатыр. «Бәйбіше, хорошо, жақсы», – деп олар кетіп қалды.



Бегазы баурайында

Бұлар біздің ауылдан кетіп жолдағы ауылдарға барып қыз-келіншектерін басып, ұрып кетіп бара жатқанда, жолда бір кедей шал шөп арқалап келе жатқанда: – Қайдан келесің, ат тап! – дейді. – Ой, шырағым атым болса шөпті жаяу арқалаймын ба, – дейді. – Анау тұрған жылқылардан ұстап әкел! – дейді. – Мен кәрі шалмын маған жылқылар ұстатпайды, астында аттарың бар өздерің ұста, – дейді. – А, солай ма, – дейді де шалды атып кетіпті. Енді бір ауылға келіп қасындағы біреуін старшынаға жібереді. Мұнда келсін, – деп. Старшын келеді. Оған: – Осы ауылдың адамдарын жина, айтатын құпия сөзіміз бар, – деп бұйрық береді. – Біз большевикпіз, Өкілет жасаймыз. Сонда көп сөзіміз айтамын. Ауылдың бәрі жиналады. – Жағалап отырындар, –

деп, елді жағалай үстіне өтін келе жатыр. Бесеуінің қолдарында наған. Сол жерде бір қарт шал: – Мынасы несі ей, халық ұстандар мыналарды, – деп айғай салады. Жағалай отырған адамдар, жабылып бассалып, жігіттер сойылменен, ағашпен ұрып мылтығын, қылышын қолынан түсіріп, өздерін арқанмен байлап:

– Айдап қалаға апарамыз. Мыналар большевиктер емес, бұлар елді бұзар, бұзақылар, – деп старшинаға акті жасатады. Бесеуінің актісіне қолын қойғызып қалаға әкеледі де, орталық бойына комиссарларға тапсырады. Комиссар Қарқаралы деген қалада актіні оқып жауап алады. Бұлармен старшын екі ақсақал және не істегенін айтушы қоса еріп келген адамдардан жауап алады. Бесеуін де документтерін алып, кісіні атып өлтіргені үшін ату жазасына дейді. Олар соғыстың артынан большевиктерге қолын көтеріп, большевик болып кірген меньшевиктер, бұзақылар екен, – дейді.

1924 қыс айлары қақап тұрған аяз. Қар көп жауып терезелерді қақпаны қар басып қалғанда күрекпен ашады екен. Ахметжан жолаушы болып үйіне ауырып келеді. Түн ішінде біреулер қақпаны қағады. Үйдегі адамдар қақпаны ашады. Екі офицер киінген, шолақ ақтары бар үстінде, белінде тапаншасы бар. Мойнында мылтық, қылыш асынған. Екеуі үйге кіреді де: – Қожайын қайда? – деп сұрайды.

Ахметжан: – Мен, қожайын, – дейді. – Бізге ат керек, давай вставай, – деп жепілдетіп айғай салады. – Ей, сендер түн ішінде атты қайдан табамыз. Жылқылар өрісте, – деп жауап береді. Ахметжан орысша да сөйлейді екен. – Ауырып жатырмын. Ешқайда бара алмаймын, – дейді. Үйге екі қыз кіреді, олардың бөлмелері бөлек екен. – Сендер большевик болсаңдар неге ақырасыңдар? Әкеме тағы да айғайлайды. –Ат тап, әйтпесе атып кетеміз түгел! – дейді.

– Сендер бүгін қонындар, ертесіне ат табамыз. Таңға шыдарсыңдар, – дейді. – Это «наше дело» беліндегі, – тапаншасын суырып алып, әкеме тап береді. Ахметжан, өте шапшаң қайратты болған адам. Орнынан ұшып тұрып екеуін екі жаққа лақтырады. Екі қызы да ожет екен, үлкен қызының аты Ғазиза, екінші қызы Шайза. Жүгіріп келіп қолындағы тапаншасын жұлып алады.

Екіншісін қолыменен, аяғыменен басып басын ұрады. Қолындағы тапаншасын алады. Үйдің іші апыр-топыр нағанды атып жібергенде ә дегенде оқ үйдің төбесіне тиген. Қолма-қол қылыш, мылтықтарын сыпырып алып өздерінің қолдарын арқанмен артына байлап тастайды. Ахметжан: – Оңбағандар, сендер большевик болып тон жамылып қашып бара жатқан ақтың офицерісіңдер. Сендерді өлсем жібермеймін қазақтың жеріне. Қазақтарда көбінде мылтық, қылыш болмайды, мына тапаншалармен талайды жайратпаксыңдар ғой.

Өзі ауырып жатқан адам, жаман қиналып қалады. Ыстығы көтеріліп Ахметжан екі қызына: – Көз жазып қалмаңдар. Ұйықтамаңдар. Таңда атады қазір. – дейді. Шешем әкемнің қасына келіп: – Сүт ішесіз бе? – десе, – жоқ таң атқан соң. Шорманды шақырып келіңдер. Және тағы бір жігіт керек, – депті. Таң атқан соң, Құлатай мен Шорман келеді. – Ассалаумағалейкум! Не боп қалды? –Қара, ана жатқандарды. Екі қасқырды соғып алдым түнде, – дейді.

– Старшынды шақырыңдар. Мұнда келсін тез. Қазір қолын шешіп, далаға шығарып, әкел де тамақ беріңдер. Өз обалы өзіне, – дейді. .

Старшындар келеді үш кісі. Акті жасап, түнде не болды түгел жазады. Қолдарын қойғызып Қарқаралыға жібереді. Старшына бес кісі болып тиісті жеріне тапсырады. Екеуін де атыпты деген хабар алады.

Екі офицердің біреуі башқұрыт. Екіншісі орыс болған. Екеуі де меньшевиктердің бұзақылары болса керек.

1924 жылы қаңтарда. Ел ішіндегі өкілдер, шабармандар, старшиналар елді жинайды. Ауданға жиналсын деп елге өкілдер шығады. Елдің бәрі ауданға жиналады. «Біздің большевикті бастаған командир ең ақылды Ленин қайтыс болды. Ленин біздің патшамыз, әкеміз, өте қайғылы күн деп жарияланған. Ленин өлгенмен ісі-жолы өлмейді. Ленин бастаған жолменен коммунизм болады. Коммунизм дегеніміз, тегістік дәуірі қанаушылықпен, езушілік болмайды.

Елде колхоз, совхоз болады. Кейін де май зауыты болады. Сиырларыңның сүтін май зауытына тапсырыңдар. Оған мата, былғары аласыңдар. Кедейлер май зауытына барып сүтін зауатқа, керекті тауарларын алып көтеріліп қалады. Байлар бұрынғы жолыменен бұлар сүтін өткізбейді» – дейді.

1928 жылдары үлкен ірі байларға конфискілеу жүреді. Малын үйін қайтарып, өздерін басқа жаққа жер аударған. Ел ішінде айтыс, тартыс тоқтайды. Алауыздар бұрынғыдай емес басылып қалады.

Онан кейін қызыл отау тігін әйелдерді жинап, журнал оқытып сауаттарын аша бастайды.

«Қызды сату тоқталсын. Үш, бес қатын алу заңы тоқталсын», – деп молынан кең заңдар тарап жатады. Бұл заңға бағынбай түнде қыздарын ұзатып жатады. Жасырын түрде. Қыз байқұс баяғы өмірді сақтап, ата-анасының бетіне қарап, сүймесе де барады екен.

1928 жылдар ел ішінен белсенді сайлаған, олар ел ішінде не болып жатыр, қызды сатқан, зорлап алған жайларды ауданға келіп айтып тұрған. Есімде әлі күздің күні, күн жауып тұрған. Ысқырған желмен бірге дауылдатып үйді тексеріп, теңсеріп тастайды. Киіз үйдің сыртынан су жылмындап, ағып жатыр. Есік алдында жатқан иттер де тоңып құрысып, қыңсылап жүнін сілкілеп, тамақ сұрағандай болады. Иттерге де жаным

ашып кетті. – Апа, иттерге сүт құямын, – дедім, шешем бере ғой анау тегенедегі сүтті құй деді. Иттерді тойғызып, олар мені иіскеп, тіліменен жалайды, басынан кигіз жаптым. Кеш батып түн болғанда үйге аттарынан түсіп біреулер үйге кірді. Шешем шам жақты. Үй іші ала көлеңке. Жөнді көрінбейді. Ахметжан әкем: – Шай бар ма, үеті басымыз су болып қалды. Кішкене шай ішіп жылынайық, – деді. Қасында бір кісі бар, ол шешеммен амандасып отырды. – Мына кісі қырғыз Нұржан дейтін ақын. Қырғыздан жер ауып келген, – деп күлді.

Нұржан: – Жоқ олай емес. Екеуіміз жаспыз, құрдас болған соң, қалжақтап айтып отыр. Мына Қызыларайдың ар жағында тұратын қырғыз деген елміз. Біз баяғыдан қазақ болып кеткен қырғызбыз, – деді. Жасы елуден асқан қара торы, ұзын бойлы кісі. Нұржан өте кедей болған. Өзінің кедейлігіне қарамастан, балаларын қалаға оқуға беріп оқындар деп, мұғалім болып қалада бала оқытады екен.

Біздің үйде қонақ болып отырып Нұржан: – Мен бір жұмбақ айтамын: – Өрейіл емес, барлық жүкті көтереді бір атан. Аққұба Ахметжан отырып, ал мен бір жұмбақ айтайын: – Арыстау ауыз, дәнсіз қауыз, – дейді. Ойланып отырып, Нұржан: – Смақан торе емес пе? – депті. Үйдің іші ду күлді.

Ертесіне таңертен шай ішіп болып: – Мен енді қайтайын. Ішімде көптен бері сақтап келген сөзім бар еді. Тысқа шығып сөйлесейік қалай болады, – деді. Әкемнен Нұржан тысқа шығып кетті. Қайтып үйге кірді де, менің басымнан сипады. Ат соғарын алды да атына мініп жүріп кетті. Менің әкем үй-ішіне ештеңе айтпады. Бір күндерде шешем отырып: – Нұржан сені бала етіп алайын қызым жоқ, ұлдарым бар, – дейді. Бала боласын ба? – деді маған. – Жоқ, бала болмаймын. Менің өз әкем бар, – дедім. Шешем күлді.

1929 жылда жаз шықты. Қыстақтан көшіп елдің бәрі Қасабай өзенінің маңына қонып жатыр. Біз қуанып озенге барып шомылып жүзіп жүрміз. – Ей, қыздар кім аузымен балық ұстайды. Мен аузыммен балық ұстаймын, міне маған карашы, – деп суға сүнгіп кетін, құлағымды, мұрнымды басып, қолыммен аузыммен балықты ұстай алдым. Аузыммен, әкеп түкіріп жібердім. Қыздар, міне қазір аузыммен ұстаймын, оның несі бар деп, аузымызбен балық ұстасып суға түсіп үйге келдік, Түн бола кешке жақын ақсүйек ойнаймыз. Сиырдың жүнінен арасына ұсақ тас салып ойнап үйге келіп тәтті ұйқыдан таңертеңгі 12-де эзер тұрамыз. Бір күндерде әкем шешеме: – Ел жағдайы бұзылуға айналды. Лениннің айтқан өсиеті ұран бұлай емес еді. Бүйректен, сирақ шығарып жүр. Не екеніне түсінігім жоқ. Нұржанның еліне – қырғызға көшсек. Мына Қызыларай тауларының ар жағында отырады жазда. Қысқа қарсы Нұраға көшеміз. Онда сенің төркіндерін бар, көмектеседі. Менің жағдайым қалай

болады. Жөтеле беремін, өзіме бұл жөтел ұнамайды. Қыста отын, су керек, кім әкеледі. Жағдай қиындап бара жатқан сияқты, – депті.

Біздің үй қырғыз ауылының қасына көшіп келдік. Бір топ қыз, келіншектері біздің үйді тігісіп, көмектесіп жатыр.



Шабанбай би ауылы

Үш-төрт күн өткен соң біздің үйге қырғыз Шапай ауылының қыздары келді. – Бүгін алтыбақан құрып ойнайық, – деді. Жарайды деп, ауылдан алтыбақанға арқан, бақан жинадық. Түнде барлық ауылдың қыз-келіншектері жиналып ойнап жатыр. Үлкен қыздар бізге бақанды тебуге бермей оздері өлең айтып алтыбақанда тұрып ән шырқады. Алтыбақанның қасына аласа бойлы келген, акқұба жігіт келді де: – Қарашы мыналарды. Алтыбақан ойын десе, бәрі жиналады. Ал оқуға қолқалап шақырсаң, бірі келмейді, – деп шіміркеніп сөйледі.

Нұрзия апай: – Сізді көріп тұрғанымыз осы, бірінші рет. Неге сонша ашуланасыз. Ашуыңызды басып өлең айтыңыз. Мұндай ойын-сауық ылғи бола бермейді.

- Өзіңіз апай, кім боласыз? – деді.
- Мен бала оқытуға келген мұғаліммін.
- Ал өзіңізбен танысуға болама? – деді.
- Дұрыс танысуға болады. Менің атым Нұрзия.
- Сіздің балалар оқытқаныңызға көп болды ма? – деп сұрадым.

– Бір айдай болды. Тағы да әрі қарай оқыта береміз ғой, – деді күлімсіреп. Апай: – Бала оқытқаныңызға бір ай ғана болса, әлі де кеш емес екен. Оқу деген жей салатын тамақ емес қой. Оқу деген инемен құдық қазғандай деген. 20 жыл оқимыз, – деді. . Нұрзия Шорман ағаның қызы. Біздің үйде өскен. Нұрзияға қарап: – Қарындас, ертең оқуға кел, – деді. – Енді кім ән салады, ән салыңдар! – деп бір келіншек желпілдеп тұрды. – Болмаса басқа ойын бастаймыз, – деп өзі домбыраны алып ән салды.

Маусымның айы, түн қоңыр салқын, маужыраған әсем табиғаттың бір тамаша күндері еді. Ойнасаң ойынға тоймайсың, ауа ашық,

тау ішіндегі гүлдердің жұпар иісі мұрныңды жарып тұрғандай, барлық жандарды мас қылғандай. Алтыбақанның қасына танымайтын үш жігіт жақындап келіп тұрды. Нұрзия бір жігіттермен әзілдесіп сөйлесіп тұрды. – Бізге де алтыбақанға шығып ән салуға бола ма? – деді бір жігіт. – Иә, болады. Екеуі алтыбақанға шығып домбыраменен ән салды. «Қыз емес, қыздың аты – қызыл бидай. Қыз үшін түнде жүрміз көңілің кимай, – деп өлең айтып, алтыбақаннан жерге түсті. Бұлардың біреуі қалада оқып жүрген Нұржанның баласы екен.

Нұрзия: – Ұлжан бері кел. . Алтыбақанға шық ән сал, домбыраменен. Менің сіңлім қалай айтады тыңдаңдар, – деді.

–Жоқ, өлең айтпаймын. – Жоқ, жоқ айтасың. Мына ауылдың қыздары өлең айтып бізді жеңіп барады. Бізде көрсетейік тамашамызды, – деді. Домбырамды алдым да ән салдық. Біз кезекті басқа ауылдың қыздарына бердік те, алтыбақаннан түсіп, тұрдық. Артымнан біреу «Ұлжан!» деді. Мен бұл кім дегендей артыма қарасам, бір бөтен жігіт. – Сені Мәлғаждар деген жігіт шақырып тұр, – деді. – Мәлғаждар деген жігіт кім? Не айтады екен, өзі келсін, – дедім. Басында пұшпақ бөркі бар жігіт:

– Ұлжан неге қорқасың, сөйлесейін деп едім.

– Тағы да не айтасын, айта бер, – дедім.

– Мені танымайсың, танысуға бола ма, мен Нұржанның баласы Мәлғаждар.

– Әкең қырғыз Нұржан ба?

– Иә, сол кісінің баласымын.

– А-а, ол кісі біздің үйде болған білемін. Не айтасыз айта беріңіз, біз енді үйге қайтамыз ұйқымыз келді. – Хат жазып тұруға бола ма? – Жазыңыз, не хат?

–Жай, жолдастықпен. Ұлжан, кетіп барасың ба, сау бол, үйлеріңе кіріп шығамын, шешпеңе сәлем беруге, – деді. Мен ештеңе айтпадым. Үйге келдік. Түніменен жөндеп ұйықтай алмадым. Неге екенін білмедім. Бір жеті өткен соң екі жігіт аттан түсіп үйге кірді. Біреуі Мәлғаждар. Екіншісін танымадым. Олар шешеммен амандасып: –

– Сізге сәлем беруге келдім, – деді. Әкем түрлі жұмыстарменен қалада болатын. Шешем: – Рақмет, Малғаждар қарағым. Сен Мағауияның інісі емессің бе? Мен былтыр жазда барғанда сол үйден көріп едім, – деді.

– Иә, сол кісінің інісімін, – деді. Ет жеп, шай ішіп олар жүрін кетті.

Жапай ауылының бір бала жігіті келін: – Ұлжан, – деді де – маған мына хатты Малғаждар берді. Маған апарып бер деді. Өзі жақында келемін деп кетті. Мен хатты ашып оқыдым, шешем, үй-іші сыртта жүрген. *«Ұлжан мен сені бір көргеннен жақсы көріп қалдым. Хат жазғаным алаң етпе.*

*Жаздым хат саған,
Айып етпе бұл іс әрекеттен,
Жауап күтемін хатыма
Жас жүрек тілектен. »*

Жазған хатын оқыдым да екі ауыз сөз жазып бердім.

«Малғаждар, үмітпен етіп жазған өлеңіңді оқыдым. Әлі жаспыз ғой. Келешектегі өмірге хат жазып тұрайық» – дедім.

Менің шешемнің елінен екі ағасы келді. Байжан, Мұсатай: «Шешеме көш, төркінің бізге. Балалар әлі жас. Ахметжан ауырады», – деп қолқа салды. Әкем көшуге рұқсатын беріп, Нұраға біздің үй көшпек болды. Үйге әкемнің ағасы Досымбек кірді, тегенеге қымыз құйып ішіп отырды. – Ахметжан, сені Нұраға көшпек болып жатыр деген сөзді естің келдім. – Солай болып жатыр, бірер жыл барып тұрып көрерміз. Алыс жер емес қой, мына тұрған Нұра. Досымбек ренжіп отырды. – Иә, ел жерінен, бала атадан айырылып жатыр. Ана, байы – баладан, ер – жерінен, елінен кетпейді деуші еді. Сен Ахметжан ер едің, қалай күшің кете басатаған ба? – деді.

– Осы, Сіз түсініңіз. Неге елімнен кетемін, айттым ғой, аз жағдай үшін деп. Досымбек үндемей шығып кетті. Досымбек жетпістен асқан, ептел аяғынан ауыратыны бар. – Апа, – дедім. – мен Нұраға бармаймын. Үлкен ақ әкемнің үйінде қаламын. Өзің еліңе көше бер, – дедім. Досымбекті біз «үлкен Ақке» дейтінбіз. Мұсатай: – Қарай гөр. Мына большевик те елін қимайды. Біздің ел де жақсы, Нұраның суы қандай. Айналасы қандай көресің әлі! – деді.

– Иә, менің жерімнің суы жоқ па, Тоқырауынның суы аққанда гүрілдеп, дүрілдеп жатады. Үй ду күлді.

– Мынау большевик үй болғанда одан да басқасын айтар еді, – деді Байжан.

Кешке таман екі ауылдың баласы бақан жинадық. Алтыбақан ойнауға бізді үлкен қыздар жұмсайды. Арқан бақан жинандар деп. Тағы да түнде бойжеткен қыздар өлең айтып алтыбақан теуіп, далаға сырмақ жайып, самаурынмен шай қайнатады. Малдар, қойлар қорада жатады. Ауа ашық, даланың исі иісмай сасып тұрғандай, мұрыныңды жарады. – Алтыбақан

ойнын естіп, біз де бірге ойнайық деп келдік, – деді бір жігіт. Түнде жүздері түрлері көрінбейді. Басында қалпақ орысша киген бір жігіт тұр. Біз алтыбақанда шайқалып өлең айтып тұрған едік, қасымызға әлгі қалпақ киген жігіт келіп:

– Ұлжан амасың ба? – деді. Мен төмендеп қарадым, Мәлғаждар екен. Қолымды алып: – Мен де сенімен шайқалсам рұқсат па? – деді. Екеуіміз алтыбақанда тұрып « Жайдарман» өлеңін айттық.

– Ұлжан жерге түсіп оңаша сөйлескім келеді. Сөйлессек қайтеді? – деп сұрады. Екеуіміз жерге түсіп, сырмақтың үстіне барып отырдық та: «Не айтасың, айта бер, – деп едім. – Мына жер ыңғайсыз, сөйлесуге балалар жүр ғой», – деді. Алтыбақаннан анандай жерде тұрдық.

– Ұлжан, сіздің үй Нұра еліне көшеді деп естідім, рас па? – деді.

– Рас, жақын уақыттарда көшеміз, онда менің шешемнің төркінінің еліне!, – дедім. Мәлғаждардың өні құрып: – Иә, енді сөйлесіп, кездесіп тұруға шалғай болады. Хат жазысып тұрайық жарайды ма? – деді. Мен:

– Жарайды.

– Мен қалада оқимын, ең соңғы жыл, онжылдықты бітіремін. Онжылдықтан келін Алматыға барып институтке түсемін. Ұлжан, мен сені сүйіп қалдым. Түнде ұйықтай алмай шығамын. Сенің түрің қоз алдыма келе береді. Мен сені жанымдай жақсы көріп қалдым. Ал сен мені сүйесің бе? – деп сұрады. Біраз тұрдым да: – Иә, ұнатамын. Егер де сіз маған ұнамасаңыз мен мына жерде тұрмас та едім, – дедім.

Мәлғаждар күлімдеді. – Онда өмірлікке жолдас болу үшін қолыңды бер, – деді. Мен қолымды ұсындым. Мәлғаждар қараторы орта бойдан биіктеу келген ашаң қызылшырайлы. Қасы, көзі қиылған, қыр мұрын, өте жайдарлы, біртоға жігіт. Маған қарап:

– Кішкене тұра тұрайық. Бетіңнен сүюге бола ма?.

–Жоқ, әзір сүюге болмайды. Мен әлі жаспын, ондайды ұнатпаймын, – дедім.

– Қандай бақыттымын. Сеніменен келешекке мәңгілік жолдас болсам, арманым жоқ, – деді. Қош айтысып, біз үйге қайттық. Ойлап ұйқым келмей жаттым. Ертесіне шешем далада көп етіп бауырсақ пісіріп отыр.

– Апа, үйге кісі келе ме, неге көп бауырсақ пісірдіңіз? – деп сұрадым. – Кісі келеді, – деді. Кешке жақын екі атқа арба жеккен бір топ кісілер келіп түсті. Күйеулер келіпті, Қаукенді ұзатып, сонан сон. Нұраға көшпек болып, олар сыртта далада тұрды. Арбаның қасына келсем, Мүсіп жездей: – Ұлжан бері кел, Қаукен үндеме, – деді. Мен үйге кірдім де: – Апа, үйдің қасында Мүсіппен көп кісілер тұр, – дедім. Шешем: – Тұр, алдына кілем жайындар, көрпелерін сала беріңдер, – деп самаурын қойып, ет асып жатты. Қаукенге қарасам жылаған, көзі ісіп кетіпті. – Неге жылайсың Қаукен?– десем, жауап бермеді. Ішім сезді. Қаукенді алып кетуге келген екен ғой. Қаукен (менен үлкен) Мүсіпті сүймеген.

Сол түні ет жеп, шай ішкен соң, түнде арбаға отырғызып жіберіпті. Қаукен онбесте, заңға оны әзір күйеуге беруге болмайды екен. Қорқын қалаға оқуға барады деп жіберіпті. Арада екі жұма өткен осы, Нұраға көшіп келдік. Елдері, жапырлап қыз-қырқын келіншектер үйді тігісіп жатыр. Маған сондай көңілсіз болды. Өз елімде үйренген жерім, елім, туған туыскандар, бірге жүрген бала жасымнан қыздар, балалар қандай ыстық десеңші! Осылай жүріп жаттық. Еліме кеткім келеді де тұрады. Құлагер атым бар, ұстап мініп шу деп кетсем, күн арада елге жетемін. Амал қанша!

Жер шалғай, жол табу ол кезімде өте қиын. «Біздің тау елі» деп атайды. Тауда қасқырларға, сапырлап жүрген ұрылар, қашқын – тұсқындарға кезігу ғажап емес.



Жастық шағым өткен Шабанбай би ауылы

Жер-жөнін жақсы білмесең, басқа біреудің қанжығасында кетесің. Осыны ойлап кете алмадым. Өз өзімнен шу деп босқа шаршап жүрдім. – Неге боп-боз болып кеттің, қарағым, бір жерің ауырып жүрген жоқ па? – деді шешем. – Жоқ, апа, ауырғаным жоқ, елді ойлай беремін. Осы ел маған сондай көңілсіз сияқты көрінеді. Шешем:

– Сені нағашыларың еркелетіп басына көтереді, әлі-ақ үйреніп, өз еліңдей болып кетеді, – деді. Есіктің алдына шығып су жаққа қарай жүрдім. Жылқылар жусап жатыр. Мен жем дорбаны көтердім де Құлагер дегенше басын изеп маған қарай желін келе жатыр. Мені көрсе адамша

иіскеп қуанады. Сондай ақылды жануар еді. Кішкентай құлын күнінен өзіме үйретіп, темірден жасаған тарақпен жалын тарап, суға жуамын. Әкем де аттарын жуып, тарап, баптап жүретін. Маған да үйреткен әкем болатын. Алдыңғы аяғын қақсаң, екі тізесін бүгеді. Жауырынын сипасаң, жатады. Құла атымды біраз сипай тұрдым да, көп айлар кетсем деген бос қиял мазалайды. Күз де болды, елден келген бір адам жоқ Елдер күнде қой сойып қонаққа шақырады, өлең айтып қуанады. Мені еш біреуі қуанта алмады. Таудың басына шығып сіңілім Мүбәрак екеуіміз отырамыз. Бірен – саран қыздар қасымызға ойнайық деп келеді. Балалық шақ, ойынға тоймаса, ойнаймыз. Асық ойнаймыз. Мен не өзіме түсіпбей, білмей қойдым, Мәлғаждарды да ойлаймын. Мен шынында өте сүйіп қалған сияқтымын. Жиі-жиі түсіме кіреді. Ұйықтасам да, ояу жүрсем де, ойлаймын. Алыстан бір екі атты кісіні корсем, тап Мәлғаждар секілді болып көзіме көрінеді. Қашан жақындап келгенше қарап тұратын болдым. Қыста келді, көшіп ел қораға келіп жатыр. Біздің үйде көшіп келдік. Түлкілі деген жерге. Үйлері жаңадан салған үй, болмелер кішкен – тай аласа келген, пешке от жаққанда түтіні қатты, пешін қайта бұзып салып жатыр. Маған өте көңілсіз болды. Ертең мұғалімім көшіп келеді. Оған Мақажанның үйін беретін болдық. (Селсовет) Олжабек келіп айтып кетіпті. Балалар жүгірін:

– Жүр үйге, мұғалім шақырып жатыр, жиналып мектепке келсін, – деді. Мектепке келдім, келсем мұғалім балаларды жазып отыр екен. –

– Әкеннің аты кім? – Ахметжан, – дедім. Жазып болғаннан кейін, «Ертең тоғыздан қалмай келіндер» – деді. Біз қуанып үйге жүгірін келіп: – Апа, біз ертеңнен бастап оқимыз; – дедім. Ертесінен мектепке келдім, балалар отырып жатыр екен, мен де отырдым. Отыратын отырғыш ұзын скамейка тактайдан жасалған. Мектептің едені жоқ, жер топырағы шығып жатыр. Мұғалім бізге дәптер, қарындаш берді де: – Кім хат біледі, алу, қосуды біледі? – деп сұрады. Өйткені, алу-қосуды білегін балалар таңертең келіп оқиды. Жаза білмейтін балаларға түстен кейін келетіндерін айтты. Мектеп кеш басталды. Оқып жүрдік, бет алысымыз жаман болмады. Сондай жастан оқимыз. Уақыт өте берді, күн онан жаман суытып барады. Ертесіне далаға шықсам, тізеден қар жауыпты. Біз қуанып мектепке келдік, оқудан шыққан соң тауға барып сырғанақ тебейік деп балаларға айтып уағдаласып жатырмыз. Кешкісін оқудан шыққан соң тауға келіп сырғанақ тебейік десек, қар онша қатпапты. – Үйге қайтайық балалар, ертең келсек, қар жақсы болып қатады, – дедік.

Таңертең мектепке келе жатырмыз, күн қызыл шұнақ аяз, қарап тұрып мектепке кірдік. – Балалар орындарына отырындар, – деді мұғалім Искаков. Біз отырдық, түрі ботен екі кісі отыр.

– Балалар, мына кісілер ауданнан оқу бөлімінен келген инспектор Ақбар Сапарқұл, – деп бізді таныстырғандай болды.

– Балалар, оқу қалай, жақсы оқып жүрсіндер ме? – деп сұрады.

– Ағай, біз өзімізді қайдан білеміз. Мұғалім ағайдан сұрамайсыз ба? – дедік. Ол инспектор маған қарап жымиып күлімсіреді. Кетерде дәптерлеріңді тастап кетіңдер деді. Біз дәптерлерімізді жинап үстелдің үстіне қойып, шығып кеттік. Ертесіне инспектор: – Балалар, сендерге айтарым, таңертең тұрғанда ауызды жуып, қолдарыңды жуып, дәптерді таза ұстау керек. Есеп шығарғанда басқа бір дәптерге шығарып, шығарған есепті жинақтап жазатын басқа дәптерлерің болсын, – деді. Біз оқу аяғында тағы да тауға шығып сырғанақ теуіп жүрдік. Балалар: – Ана мұғалім мен инспектор кісі келе жатыр, – деді. Олар біздің қасымызға келіп тұрды да: – Балалар, мына сырғанақ тебетін жерге ертең бөшкеменен су тасып құямыз. Ертең демаламыз оқымайсыңдар, суды тасып құямыз. – Жарайды, – дедік. Ертесіне түйеге сүйреткі жегіп бөшкеменен су тасып сырғанақ жасадық, бүгін тебуге болмайды, ертең жақсы қатады. Кішкене шаналарың болса ала келіңдер. Біз тағы да оқудан кейін сырғанақ теуіп жүрдік. Мұғалім мен Инспектор қоса келін: – Біз де тебуге келдік, – деді де тауға шығып, бізбен бірге сырғанақта сырғанап жүрді. Менің қасыма келін: – Қолдарыңа қолғап кию керек, – деп менің қолымнан ұстады да: – Саусағымды қысып осындай саусақты үсітуге бола ма? – деп күлімсіреді. Мен шошып қолымды өзіме тартып алдым. Мен ұнатпай үйге кеткім келді. Үйге қақпаға кіре бергенде далада екі ат жеккен шана тұр. Бұлар кім екен деп үйге кірдім. Қалада тұратын Қасым жездем шай ішіп отыр. – Қасым жезде сәлеметсіз бе, – дедім. – О «большевик» оқып жүрсің бе? Менің Күлкенім биыл үшінші оқиды. Ішім қуанып кетті. Әлде Мәлғаждар хат берген шығар деп. – Қаске, қаладан келдіңіз бе? – Иә, қаладан келдім. – Қашан қайтасыз? – Мен жана қана келдім. Екі үш күндей боламын, – деді. Кешке таман, шешем шығып кеткенде:

– Қаске, Нұржанның баласы Мәлғаждарды білесіз бе? – деп сұрадым.

– А, Нұржанның баласы Мәлғаждар, иә білемін. Олар Шайтан көлге жақын тұрады. .

– Ой, Қаске! Шайтан көл деп неге қойған?

– Шайтан көл ішінде шайтан бар. Жок болып кетесің, – деді.

– Қаске, бір нәрсе айтсам, ешкімге айтпайсыз ба?

– Не айтпақ едің, ешкімге айтпаймын.

– Хат жазып берсем Мәлғаждарға, апарып бересіз бе?

– Жаз хатыңды, хат жазуға әлі жас емессің бе? – деп күлді.

– Қаске, мен оны жақсы көріп қалдым, неге екенін білмеймін.

Шешеме, басқа біреулерге айтпаңыз. Ол кетерде хат жазып бердім. Менің хатымды бергенде нағашымның әйелі көріп қойыпты да, Қасымға: – Ұлжанды осы жуырда күйеуге береді. Бұл жазған хатын ол жігітке берме. Шешесі естісе, сізге өкпелейді, – депті. Қасым шешемнен: – Немене,

Ұланды ұзатасыз ба жақында? – деп сұрайды. – Енді оны өзі білмейді. Өте жақсы жігіт Байбол, шаруасы жақсы. – Ұлжан өзі немене оны сүйе ме? – Нұржанның баласымен сөз байлап жүріпті. Қалаға барсаң Ұлжан күйеуге тиіп кетіпті де, – деген. Қасым кеткелі талай күн болды. Хат жоқ. Оқуға мектепке келдім. Инспекторлар әлі кетпепті. Сабақ біткен соң үйге карай кетіп бара жатыр едім. Мұғалімнің әйелі: – Ұлжан бері келші, – деді. Мен тоқтадым. – Сен маған ренжіме. Мына хатты саған бер деп инспектор берді, – деді. Мен хатын алдым да шығып кеттім. Үйге келіп хатын оқыдым. – *Ұлжан! Қарындасым. Мен мектепті тексере келе саған хат жазғанымға айып етпе, кешір. Менің мұнда келгенде ойда жоқ жерден бір көргеннен жүрегіме ұнап кеттің. Елде қыз көп болғаныммен бәрі бірдей ұнай бермейді. 23-ке келгенше өзіндей қызды кездестіре алмадым. Өзіңді көргеннен бері менде саған деген шын махаббатым оянды. Өткір қара көзің жүрегіме ұялады. Осы метептен кеткім келмей жүр. Жаным Ұлжан, қатты сөзбен жасауға қайырма, сен әлі жасасың білемін, қазір емес келешекке ержсеткен соң, маған тек сөзіңді берсең болды, – депті. Мен қайра хат жаздым. – Ағай, хат жазғаныңызға айып етпеймін. Менің өзімдей қатарлы сөз байласқан жігітім бар. Ол оқып жүр қалада. Мен оны сондай сүйемін. Оныменен қазір емес келешекке деген үмітім бар. Мені кешіріңіз, ағай, – деп хатымды жібердім. Ертесіне мектепке бармай қалдым. Инспектор жігіт Төлеу деген баладан тағы да хат жазып жіберіпті. Төлеу менімен бірге оқиды, ол да менің нағашым. Хатында Ұлжан өзіңмен сөйлескім келеді хат жаза беру ыңғайсыз. Осында кел сөйлесейік депті. Мынау жігіт менің қыр соңымнан қалмай қойды ғой деп отырдым. Ақбар ұзын бойылы аққұба көзін сүзіп қарайды, көзі үлкен. Шашы қара бұйра. Ашаң келген жігіт. Оны ешкім жамандай алмайды. Мінезі де жайдарлы келген. Бірақ менің шын сүйгенім Мөлғаждар. Жүрегім ол есіме түскенде елжіреп көңілісіз жүремін. Мен мектепке бармадым. Төлеу тағы да хат әкеле жатса, Жұмабек нағашым сезіп, осы Төлеу Ұлжанға хат тасып тұр ғой деймін. Оны қазір ұстап хатын тартып алайын деп есіктің алдында тосып ұстап алып: – Мұнда нағып келе бересі, әкел хатты, – дейді. Қалтасындағы хатты тартып алыпты. Жүр сенің сазайынды берейін. «Хат тасығыш жеңгені» деп суық сарайға қамап қойыпты. Ол айғайлап, өлдім тондым, аш деген дауысты естідім. Айғайлаған кім деп сұрадым да, жүгіріп келдім. Қораның қасындағы сарайда айғайлаған Төлеу. – Сен сарайда нағып тұрсың?. – Ұлжан мені Жұмабек аға жауып қойды. – Неге? – дедім. – Саған хат тасисың деп хатымды тартып алды да, мені осында қамап қойды, ашшы есікті, – деді. Құлып салып қойыпты. Жұмабектің үйіне келдім де: – Кілтті бер. Неге Төлеуді сарайға жабасыз, оның не жазығы бар? – дедім. – Хат тасығыш отырсын, – деді. – Мендегі Сіздің жұмысыңыз болмасын. Кімге барамын менің жұмысым. Кілтті бер суық сарайға қамап кісі*

өлтірген жоқ кой ол, – деп, тұрғанда әйелі Салима Төлеуді шығарып жіберіпті. Салима Жұмабектің әйелі.

1930 жылда болды. Сабағымды оқып отыр едім, кешке жақын үйге үш кісі кірді. Қысқы аязды да ала келгендей, сықырлап аяз есіктен кірген жылы үйде бумен, косылып бұрқырап. Үшеуіне үй-іші: – Жоғары шығындар, балалар, – деді. Олар төрге шығып отырды. Қазанға ет салып, самаурын қойып жатыр. Әлден уақытта, біреуі:

– Жиен асығынды әкел, ғойнайық, – деді.

– Асық ойнауға уақытым жоқ, кітап оқып отырмын мен, – дедім. Мұсатай нағашым: – Балалар, домбыра тартып өлең айтып отырындар; – деді. Олар: – Мен «Ертарғын», екінші жігіт: – мен «Айдос батырдың жырын» айтып беремін деп жырларын айтып отырды. Тамақ жеп болғаннан соң, үшеуіне ауызғы үйге төсек салып берді. Ұйықтап жатсам бір суық, қол бетімді сипады. Мен шошып көзімді ашсам бір кісі, аяғымды көтеріп теуіп жібердім. Ол төсектің алдына бар салмағынмен құлап түсті. Шешем, оянып тамағын қырлады. – Неғылған итсің, сиырға ұксап жүрген надан, пасық, – дедім. Үйдің ішінде үн жоқ.

Таң атқан соң білсем, Қабайдың баласы Қағыбан. Қағыбан Жұмабек нағашыларыммен келісіп, мені біреуге беруге уәделескен екен. Бір сиыр, бір ат, бір қап мата, былғары. Және бір қап құрт, бір қарын май, тойға дайындалған екен. Оны маған жасырын келіп Төлеу нағашы бала айтты. Оның үлкен жеңгесі Қағыбанның апасы екен. Мұны естіп өз үйіме өзім сыймай, тулап, ашуланып шешеме айттым. – Еліме кетемін, «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген мәтел осы екен ғой. Бәріне басшы болып билеп мені сыртымнан сатып жүрген Жұмабек екен. «Сізге мен тоқты емесің өңгертіп жіберетің. Менің Қабайдың баласына баратынымды қайдан білдіңіз. Керек болса өз қыздарыңды бер. Менде нең бар. Немене малдарың жоқ кедейсіңдер ме?» – дедім. Кетейің десем, меңіреу дала. Жас басымнан қара жылан болып мойныма қайғы оралды. Түн ортасында қаладан әкем Ахметжан келді. Жөтеледі. Шешем:

– Ауырып қалғаның ба? – деді.

–Иә, ыстық шай берші, құртпен. Ертесіне әкемнің қасына келіп мойнына оралып: – Ата, мен елге кеетемін, енді мұнда тұрғым келмейді. Үлкен Ақкемдікіне. Олар туысқаным мені еркелетеді.

Әкем: – Сені нағашыларың еркелетпей ме?

– Мені сыртымнан сатып мата, сиыр, жылқы, құрт, май әкеліпті. – – Не дейді, – деп шешемді шақырды. Ауызғы үйде бауырсақ пісіріп жатқан. Шешеме: – Мына большевиктің сөзі рас па, кімнен мал алып, жүрсіңдер, түсінбедім. Шешем, жайлап түсіндірмек болды. – Қабайдың баласы жақсы жігіт. Заман болса мынау, орынды жерге барғаны жөн ғой. Ақбата елі Қабайдың баласы Қағыбан. Кооперативтің бастығы, барлық зат соның қолында, – деді. Сырттан Жұмабек кірді. –

Ассалаумағалейкум, – жезде. Әкем қыран бүркітше қадала қарап: – Отыр! – деді. – Қабай деген кім, не істейтін адам. Кооперативті ұстайды. Ұлжанды, сол Қабайдың баласына беретіп болғандарың рас па? – Жезде біз Сізді тосып отыр едік. Оның сөйлесін жүргені рас. Бірақ сондай ештеңе болған жоқ, – деді.

– Сендерге сыртымнан малдарын әкеліп бермек болып, енді менің рұқсатым керек болған ба? Боктап, орнынан ұшып тұрып, атсоғармен тартып-тартып жіберді.

– Мен большевиғімді қызықтап оның ұлына бермеймін. Малға сатып, малым жоқ па! Қабайдың саудагер баласы, менің баламның теңі ме! Ол саудагер менің есігімді баспаңыз. Алған малдарыңды, құрт-майыңды қайырып беріңдер, – деді. Малың, алғандарың қайырып берді.

Әкем түніменен жөтеліп шықты. – Ата кірпіш әкеліп пешке қыздырып Сіздің аяғыңызға қоямын, – дедім. – Айналайын, жарайды қыздыр. Бір кірпіш тасты қыздырып шүберекпен орап аяғына қойдым. Содан соң құрт езіп бердім, ішіп терлеп жатты. Бұрын аңға шығарда ылғи құрт езіп ішетін еді. Әкем терлеп, жақсы болып қалды. Бірер жеті, оншақты күн өткен соң үй-іші енді жатайын деп отырғанбыз. Мен сабағымды жазып отырғанмын. Қақпаны тарсылдатып біреулер қағып жатыр.

– Қақпаны ашыңдар, қонақтар ғой, – деді әкем. Үйге үш кісі кірді. Менің көзіме Мәлғаждар ұқсап көрінді. Үсті бастары қырау, бет ауызы көрінбейді, бөкебаймен ауыздарын байлаған. Бастарында түлкі тымақ. Кіімдерін шешкенде басқа біреулер болып кетті. Біреуі, Лұқпанның Садуақасының баласы Бәкір. Екіншісі, Селсовет Жақыптың баласы Ием, үшінші ат қосшы жігіт. Қайтадан самаурын қойып, қуырдақ қуырып, ішіп жатты. Мен ұйықтамай отырдым. Әкем: – Ел жағдайы қалай, мұнда неге келдіңдер? – деп сұрады. Сізді «ақа» ауданға шақырып отыр. Үй басына 200 пұт бидай салық салып отыр. Сіздің үйге 200 пұт бидай. Әкем: – Бидайды қайдан табамыз. Үй басы тым көп қой, – деді. Ертесіне әкем де солармен бірге ауданға жүріп кетті. Онда барғаннан кейін, елдің ішіндегі туыскандар бір пұттан, екі пұттан бидай жинап әкем үшін апарып тапсырады.

Әкемнің үлкен баласы Шорман сол үйге келіп ауырып жатады, қатты ауру көрінеді, – деп елдің кедейі жылап келіп көңілін сұрайды. Құлатай, Қоқыс тағы басқалары – бұлар ежелгі келе жатқан кедейлер. Екі бұзаулы сиыр, жалғыз аттарынан басқа ештенесі жоқ. Бұларға да салыққа 200 пұттан астық салған. Бір ай өтпей, біздің үйге үй басына 200 пұттан астық салық тағы да келеді. Бұны естіп, ел шошынады. Барлығы жиналып әкем Ахметжанға: – Мынау не сұмдық? Қайдан табамыз бұл бидайды. Жерден қазамыз ба? – деп келеді. Ахметжан: – -Иә, елім, бұл бір келген халыққа ауыртпашылық. Бұл Лениннің жолы емес. Мұнда бір сұмдық адамдар бар. Енді не істейсіндер «көппен көрген ұлы той» деген

мәтел осыған келеді, жоғарғы естіп білер. Шаш ал десе, бас алып отырған мына жергілікті өкіметтер ғой, – деп отырмын. Науқасынан тәуірлеу болып, шыдай алмай, өкімет алдына келеді.

– Біз осы жерде 200 пұт астықты әкелдік, енді тағы 200 пұт, оны қайдан табамыз? Малға астық шықпайды. Елдің бала-шағалары бар қолдағы жеп отырған астығын алған соң, олар не күнін көреді? Мен осы жөнімен келіп отырмын. Астық орнына мал алыңдар, – дейді.

– Ахметжан Сіз бізге ақыл айтпаңыз. Біз өкімет бастығымыз. Біз өзіміз не істейміз, білеміз, – дейді. Ахметжан: – Неғылсаң о ғыл, өз басым бір бидайым жоқ, беретін. Жоқты қайдан табамыз. Уәкіл: – Шығарындар да, тінтіндер үйлерін, кораларын, – дейді де шығып кетеді. Олар жиналып кеңеседі. Ертесіне әкемді түрмеге жауып тастапты. Шешем отырып:

– Япырай, Ахметжан неге кешікті, ауырып қалды ма екен. Барып, білу керек, – дейді. Сөйтіп отырғанда, түнделетіп қақпаны терезені қағып екі кісі Жакыптың баласы Ием (Селсовет) келді. Шешем: – Жоғары шығындар, балалар. Ахметжан қайда, өзі ауырып жүр еді, – деп сұрады. – Жоқ ауру емес. Ол әкей салықты салмаймын, астығым жоқ деп еді түрмеге қамап тастады. . – Не сұмдық бұлары! Осы өкіметтер үшін, қандай болып жүруші едік, – деп шешем, үй-іші тегіс жыладық. – Ия, шеше біздің қолымызда не бар. Ал бізді үйіне қайт деп жіберді. Малдарыңызды, дүние-үй жабдықтыңызды, ертең осында қораға әкеліңіздер. Әуелі малды қаттаймыз. Содан соң үй мүлкілеріңізді, – деді.

Ертесіне малды қаттады, онан кейін дүниелерді деп бұлар үйге кірді. – Шеше, сізге айтарым, бір нәрсеңзді жасырып тықпай, қаттауға беріңіз. Кейін шатақ болады. Шешем: – Ой, қарақтарым, не дүние болады бізде. Ахметжан басында кедей болған, әкесі де малы жоқ, елдің намысын қорғайтын батыр болыпты. Дүние жинамаған, адамдар. Менің торкінім әлді қуатты шаруалы болған. Менің арқамда малы болды. Үйде не бар бәрін де алыңдар, шалымды босатыңдар, – деді. Соныменен кеш батты. Селсовет жігіт маған хат жазып, қолыма берді. Мен, не қағаз деп сұрадым. Жауабынды күтемін, айғайлама деді. Мен хатты ашып оқыдым. *«Ұлжан! Жас жастың тілеуі, жібектің түйіні бір деген. Мен сені өте сүйемін. Мен әлі әйел алғаным жоқ. Заман болса мынадай болып жатыр. Егер де сөзіңді беріп, маған жолдас болсаң гұмырлық, мен әкеңді түрмеден шығартамын. Қаттауынды да қалдырамын, –* деп жазыпты. Кеудеме ашу тығылып, отырдым. Мені қорқытып алмақшы. Қорқып саған байға тигенше, өлгенім жақсы емес пе! Қанша жасқа келіп өлсем де, бір өлім маған келеді. Шешеме айттым. Селсоветтер төргі бөлмеде отырған. Мына иттің баласын қарашы, мына хатты. Әкемді түрмеге жауып, үйді, малды қаттап, енді маған аузын ашты. Мынау біздің басқа төңген жаман уақытты пайдаланып отыр. Төргі бөлмеде ыржалақтап

күліп, менің домбырамды алып өлең айтып отыр. Сондай маған қасқыр бейнелі жексұрын болып көрінді. Менің төсегімнің үстінде, екі аяғын төсектің басына асып, домбыра тартып жатыр.

Мен келдім де: – Тұр төсегімнен! Алатын мал, дүниенді ал да кет. Мен саған қорқып күйеуге шықпаймын. Әкемнің ешкімге жазығы жоқ. Сенсіз де босатады, – дедім. Ашу буып жерге отырды. – Менің төсегіме жататын, мен саған әйелің емеспін. – Шеше, шеше, бер келіңіз, мына қызыңыз не деп тұр, қандай өзі долы, ашушақ қыз. Шешем: – Қарағым оны жасынан большевик депт ат қойған әкесі. Бетің бар, жүзің бар демейді. Қайтесің шырағым әлі бала ғой 12-де биыл кішкене өсе келе түсіпеді ғой. Таңертең үйді қаттап жатыр. «Әкел ана домбыраны, оны да қаттаймыз!» – деді. Мен домбырамды алдым да, алдына қарай лақтырып жібердім. Домбырам екіге бөлінді. Домбыра тартып, жасымда ән салып үйреніп жүретінмін. Менің әкем домбыраменен «Саржайлау», «Қос басар», «Көкейкесті» сияқты күйлерді жақсы тартатын еді. Домбырамды, қимағанмен киноға тұра келді. Онан кейін домбыра дегенді ұмыттым.

Олар қаттап ауданға Ақтоғайға жүріп кетті. Оқуға мектепке кел – дім. Балалар, ду-ду күледі. Мен: – Неге күледі, – деп балаларға қарадым. Бәт маған бір қағазды ұсынды: – Оқы!. Мен: – Немене қағаз? – дедім. – Былай деп жазып өлең шығарыпты белсенділер:

Қабай ұлы Қағбан,
Сауда менен байыған,
Қол жетпеске, қол созып,

Бұл не деген қағынған, – деп. Қабайдың баласына, мал әкелін, күрт-майын тасыған деп, онан кейін тағы да өлең шығарып жүрді. Бәт:

– Ұлжан неге жүдеп кеткенсің, ауырып жүрсін бе? – деді.

– Иә, аурудан да жаман, – дедім. – А, не болып қалды?

– Менің әкемді түрмеге отырғызыпты.

– Ой! не үшін жақсы адам еді ғой, – деп аңырап қалды. Үйге келсем, қалада тұратын Сыпан жездем келінті. Шай ішіп отыр екен. – Сыпан жезде амансыз ба, апай қандай? – деп сұрадым. – Апайың Игім маған бастық қой, қайда бар десе, сонда барамын, түніменен жылап, еңіреп, «ойбай, Ахметжанды жауып қойыпты, оңбағандар. Сен бар біліп кел деп жіберді». Қаладан кант, май жемістер жіберіпті. Шешем, сарайға шығып кеткенде, Сыпан маған: – Большевик, мына хатты саған Мөлғаждар берді, саған бер деді. – Сізге көп рахмет, – деп мен мойнынан, құшақтап бетінен сүйдім. – Ой, Ұлжан, ержетіп қалыпсың, – деді де күлді. Хатты төргі бөлмеге апарып қолым дірілдеп ашып оқып жатырмын. Өлеңмен жазыпты. Оның әкесі ақын Нұржан атанған кісі.

*Қара сөзбен жаздым хат,
Жүрегім қазір боп тұр жат.
Қайғырамын ойым көп,*

*Болды деп қалай бұл зажап.
Ұғалмай сөзді мен айқын
Жүрек тұр қағып боп салқын.
Арада дұшпан тағы көп,
Аңдып жүрген боп жақын.
Мен оқушы бір бала,
Ісімде бар көп шала.
Тұрмыста болып неше тұр,
Мекенім боп жүрмін шет қала.
Тұрмысқа көніп шыдасақ,
Уағда менімен тұралсақ,
Біреді жыл, иә бірер қыс
Сонан соң еркін бой жазсақ.
Қош жаным сүйемін,
Ыстығына күйемін.
Қолынды бер жаным,
Уағыда күнді күтемін.*

Хатты екінші рет оқып шықтым да орнымда тұрып қалыппын. Мойныма біреу суық су құйғандай болды. Бұл не хат түсінбедім. Жүрегім қазір жат болып тұр. Қайғырамын ойым көп, – болды деп – қалай бұл жажап. Сұмдық-ай. Біреулер осектеген ғой. Сыпанға:

– Сіз қашан қайтасыз? – деп сұрадым.

– Апаң Ахана азық апарып, қалын біл деп отыр. Ертең Ақтоғайға жүремін, – деді.

– Мен де барамын атама. – Апаңа айт, жылы киімінді ки, – деді. Шешеме: – Апа, мен де Сыпан жездемменен барамын. , – деп едім, шешем ойбай салды. – Әнеу күнгі Исмиттің баласы сенің соңына түсіп, оны жаман өшіктіргенсің. Кейін барарсың. Мүмкін босанып үйге келер. Күте тұрайық. Әуелі Сыпан барып хабарын әкеледі, – деді. – Сіз қайтып келесіз бе? – дедім. – Иә, қайта келемін, – деді.

Сыпанға пар ат жегін берді, Мұсатай нағашым бірге еріп кетті. Үш-төрт күннен кейін қайтып келді. – Ахметжан жатыр сәлем айтты. Сөйлестірді, мені ойлап үйдің іші ренжімесін. Бәріне де конемін, – деді. – Қайсар, қайратты кісі ғой. Шал болса да жанары жанып тұр. Әкемнің жасы шешемнің айтуы бойынша сол уақыттарда 65 жаста екен. Сыпан ертесіңе қайтпақ. Мен Мәлғаждарға хат жаздым.

«Мәлғаждар!

Сенің өлеңмен жазған хатыңды оқыдым, хат жазғаныңа өте ризамын, бірақ өлеңмен жазған хатыңның сөзіне түсінбедім. Неге маған өкпеледің? Неге маған жүрегің жат болды?. Әлде менен басқа ұнаған қыз болды ма? Жоқ болмаса мені жамандап біреулер саған өсек айтты ма, Мәлғаждар! Егер мүмкіншілігің болса, біздің үйге кел, келе алмасаң,

хат жаз. Ашып, жаз хатыңды. Мен, сені күтемін. Не болып жатқанын Сыпан жездеме айттым, саған айтады бәрін. Мен саған Сыпанмен бірге барамын деп едім үй-іші жібермеді. Мен сені сүйемін. Басқаның керегі жоқ. Мен сенің өмірлік жолдасың болғым келеді. Сені сүйемін. Ұлжан». Сыпан кейін мен Мәлгаждардан хат күтудемін. Түнде ұйқы жоқ. Кейде басымды көтеріп отырамын, әкем байқұс не істеп жатыр түрмеде. Ой көп жете алмаймын. Ұйықтап кетсем, бір карашұбар жылан аузын ашып маған қарай келе жатыр. Мен оны ұрайын десем, қолымда түк жоқ. Шошып ояныппын. Шешем, «бісміллә» – деп мені келіп құшақтады.

– Не болды қарағым, түс көрдің бе? – деді. Жан-жағымға қарап, әне жерден карашұбар жылан аузын ашып маған келе жатты, – дедім. Бұл менің түсім еді.

Қыс айы, күн әлі суық, далаға шықсақ, аяз бетің жалап қып-қызыл болып кетеміз. Қаукен апайымды да сағындым қандай болып жүр екен деп.

Елінен Мүсіп жездем келді. Біз қуанып мәре-сәре болып қалдық. – Қаукен қызыңыз жақсы сәлем айтты. Сіздерді сағынады. Айтып қояды, – деді. Мүсіп біздің үйде оншақты күндей болды. Оқу аяғында үйге келсем, екі қонақ отыр. Біреуінің қасында көзілдірік киген. Екіпнісі атқосшы болар кара торы жігіт. Ертесіне шешем мен Мүсіп жездем ауызғы болмеде сөйлесін отырды. Бұлар қайта-қайта далаға шығып сөйлесіп жүрді. Мен бұлар кім, не болып қалды деп ақырын далаға шығып қарадым. Қорада шана тұр, үстінде жапқан масаты кілем. Үйге келдім. – Апа, мына кісілер кім, неге келген? – дедім. Шешемнің көзінде жас. Мен шошып кеттім. Әкем жазым болған ба? – Апа, неге жыладыңыз? Әкем аман ба айтыңыз? – деп жылауға жақындадым. Шешем: – Әкең аман қарағым. Жай ойлап, – деді. Мүсіп жездем күле береді. Ұлжан бер келші.

– Не айтасың?

– Сені ана жігітке береміз. Оны қалай көресің? – деді.

– Не деп отырсың мылжың жезде. Кетсін әрі. Енді маған шал қалып па!

– Жоқ ол шал емес, профессор. Көзінде көзілдірігі, үстіндегі костюмді көрмейсің бе? Нағыз оқығандар ғылымы барлар киеді. Жездем болған соң ойнап айтып отырғаны деп ойлады. Біраздан кейін шешем: – Ұлжан қарағым, бері келші, – деп мені шақырып, – қарағым Ұлжан, сенің ақылың бар ғой. Мына келген Ақанның баласы Зейнолла. Олар жақсы адамдар. Өзіңнің әкеңнің нағашысы, – деді.

– Онымен не айтқыңыз келді, осыған бар деп отырсыз ба? Енді жетер басымды ауыртқандарыңыз. Мен шалға бара алмаймын. Әуре болмаңыздар.

– Ұлжан сені біз қор болатын жерге бермейміз. Сені күтеді, сыйлайды. Әкең болса анау, енді бізге кім қолының ұшын береді? – деп, тағы да сөзін жалғастырды.

– Қолының ұшын беретін төркіндеріңе келген жоқсыз ба? Өз балаңызды өзіңіз жейің деп отырсыз ба? Мені тірідей бауыздаңдар онда. Әлсем де бұғаи бармаймын. Шешем: – Мынау большевик тірідей бұған бармайды, – дейді. Нағашыларым бәрі өздері кеңесіп: – Түнде ел жатқан соң, шанаға салып, алып кету керек. Әйтпесе, ол қалай айтсаң да, конбейді, – деп уағдаласыпты. Ел жатқан соң, екі қатын келіп, киімімді әкеліп тұр. – Сендер немене, мені зорлап беруге келдіңдер ме, өңкей иттер, киімімді жұлып алдым да лақтырып, жібердім. Бәрі менің қолымды ұстап киіндірді. Жұдырықтай мені киіндіріп шанаға салып алып жөнелді. Қарасам үстімді, кілеммен жауыпты, екі еркек сомадай болып менің иғымды басып отыр.

– Мені апарғандарыңмен, ұстай алмайсыңдар. Бәрібір мен кетемін. Сендердікі бос әуре, – дедім. Менің құлагерімді де жетектеп алыпты. Құла атымды көріп қуандым. Тұра тұрындар, Құлагермен бір түнде жоқ болармың деп. Үлкен ойда келе жаттым. Көзімнен жас шықпайды. Құр денем тоңған сияқты. Ыстықтаған адамша аузымнан жылан шыққандай болады. Аттар аспанға қарғып, қарды аяғыңмен лақтырғандай шананы жұлып, тартып шауып барады. Неге сонша қысылғандарын. Ауылдарына жақындағанда иттері үріп, нағыз иттің даусы емес жылаған сияқты қып үреді. Бір топ, қыз-келіншек, қатын алдымыздан шықты. Олар менің басыма құрт, ірімшік шашып мәз болғандай. Менің қасыма жақындап бір кемпір бетімнен сүйді, басымдағы тымағымды алып, орамал жабайын деп жатқанда қолындағы тымақты жұлып алып, орамалын лақтырып жібердім. Әйелдер бетін шымшып: – Көтек, маскара, мынасы несі. Ойбай, мынау әйел болмайды, – деп, сыбырлап жатыр. Менде үн жоқ, ұстап алған торғай сияқты, тек қолдарынан қалай жұлып шығуды ойлаймын. Бұларды тиісті орынға білдірсем. Сендер мені ұстап тұра алмассыңдар деген қиял, ой көкірегімді керін, тұншықтырды. Мені үйге әкелін кіргізді. Үйінің іші жағалай кілем жайылған. Үйлерін безендіріп тастаған. Өздерінше мені дүниemenен алмақшы. Қыздар, жиналғандар өлең айтып, ойын-сауық күлкі. Қайдан білсін, менің ойымды, сүймей зорлап әкелгендерін. Бұлар ойын-сауық жасап жатқанда, екі жас жігіт сұп-сұр өңі қашып, отырды. Келген жас жігіттің бірі маған қарай береді. Олар белсенділер екен ел ішіндегі. Олар кетіп қалды. Ертесіне үйлеріне үш кісі келді. Бұлар дабырлап сөйлесіп жатты. Менің қасымда отырған қыздар, милиция деді. – Неменеге келді екен? Бұлар абыржыды. Милицияның біреуі келіп: – Қарындас ауданға шақырып жатыр, киін, – деді. – Неге шақырды? – дедім. – Білмейміз. Барған соң айтады, – деді. Мен ішімнен қуанып түрегеліп киімімді кие бастадым. Шешесі:

– Қарағым Ұлжан, бері келші, – деп мені шақырды. – Мына Зейнолланың әкелері сенің нағашың болады. Сенің әкеңнің шешесі Күміс апасы, біз бұрыннан жақын адамбыз. Мені зорлап әкелді деп айтпа. Ондай ештеңе болған жоқ қой. Кетем десең сені ешкім ұстамайды. Озім сүйіп келдім де, – деп мені үйретіп жатыр. – Мен Сіздің балаңызға айттым ғой, мені зорлап әкеле жатқандарың бос әуре деп. Енді өз обалы өзіне. Нағаны болса, қайтейің. Менен бірнеше жасы үлкен, жас бала емессің білмейтін. Осындайда сұмдық бола ма екен. Жарайды, көрермін, – дедім. Олар, инай ішін болып: – Ал кеттік, киіндіңдер ме? – деп шықты, менде шықтым. Қарасам, Зейнолла да келе жатыр. Ауданға келдік, аудан онша алыс емес екен. Бізді түсіріп үйге кіргізді.

Үй екен десем милицияның конторасы. Қағаз жазып бір жігіт отыр: – Зейноллаға сіз корридорға шыға тұрасыз ба? – деді. Маған қарап: – Мына үстелге жақын отыр, – деді. Мен келін отырдым. – Әкеңнің, өз атыңды айт. – Ахметжан қызы Үлкей, – дедім. – Қай аудандікісің? – Ақтоғай ауданы. – Ал жасың нешеде, қай жылғысың? Бір кішкене ойланып: – Онбестеміп, – дедім, ол күліп маған қарады. – Қай жылғы?. – Мен жылымды білмеймін. Ақанның баласын өзің сүйіп келдің бе? – – Оның сіздерге не керегі бар? – Керек болған соң, сұрап отырмын. Жасырмай айт. Бәрін білеміз. Мұндағы адамдар ай қарап отырған жоқ. Менен жауап алып отырғанда, аласалау еңгезер шұбар жігіт кірді де, екі қолын шалбардың қалтасына салып тұрды да: Сен Ахметжанның қызымысың? – деп сұрады. – Иә. – Сен бізге жиен боласың. Үйлеріңе сан барғанмын. Сен әлгі большевик деген қызысың ғой Әкеңнің шешесі біздің апай болады. Ахметжан жиен сондай жақсы адам, кедей. Ақбілекті алған соң дәулетті болды. Әкең қайда? – деп сұрады. Әкем түрмеде отыр, астық үшін, – дедім. – Иә, олары дұрыс болмаған екен, – деді. – Ал, айтшы жиен, мына Зейноллаға сүйіп келдің бе? Біліп отырмын. Шешемнің туыстары ғой бергізіп отырған. – Жас баланы әйелдікке әкеліп отырған не деген жүрек, осы уақытта. Бұлар байлар, аузынан ақ сүті кетпеген. Үйіңе қайт. Болмаса, өз еліне кет, – деді. – Сені жақсы білеміз биыл 12 жастасың. Оңбағандар. Бас милиция екен менен жауап алып отырған. – Сені біз арашалап құтқаруға шақырып отырмыз, – деді. – Сіздерге рахмет. Мен өзім де тұрмаймын, – дедім. – Қарындас біз сені босаттық. Енді бұның үйінде тұрма. Сені ертіп апарып салады, – деді. Мені бір милиция ертіп бір үйге әкелді. Жас әйел шай жасап жатыр екен. Маған шәй іш деді. Шай ішіп болған соң, екі милиция үйге ертіп келді. Зейнолладан жауап алып, түрмеге отырғызыпты. Үйге келгенде шешесіне айтты. Олар үй ішіменен шуылдап жылады. Шешесіне менің сондай жаным ашыды. Бұл байқұстың не жазығы бар дейсің. Бәрін бүлдіріп жүрген баласы ғой. Шешесі менен сұрады, жауабыңды не деп айттың деп. Мен онбестемін дедім. Олар нанбады. Сонда қуаланып, бір

кісі келді мені жақсы біліп отыр. Түрі қандай семіз шұбар жігіт. – «Е-е, ол селсовет құртжегіш Ахметжанның баласы. Ой, сол бір оңбаған деді. Шеше мен ертең еліме кетемін. Әкем түрмеде отыр. Әкемді, қалын білемін, – дедім. – Мына қыс ішінде қайда барасың, әзірше тұра тұр. Өзіміз апарып саламыз, – деді. – Рахмет мен өзім де табамын елімді. Еліме қарай, құлагерді ертіп мініп кеттім. Қуанышым койныма сыймады. Жолменен жүріп келіп, атымнан түстім де, бетімді қармен ысып, қайта атыма міндім де, тау астында түтін көрінді. Алдымнан иттер үріп шықты, алдымда бір шал: – Балам қайдан жүрсің? – деп сұрай бастады да үйге кір, – деді. Үйіне кірдім де:

– Ахметжан деген кісіні білесіз бе?

– Қай Ахметжан, Ахметжан деген кісі көп, – деді.

– Бекпенбетгің.

– Не дегенің шырағым, оны білмейтін кісі бар ма, – озің қайда барасың?

– Мен үйіме бара жатырмын, Ақтоғайға, өзіңіз кім боласыз? –

– Мен Жақып деген. сарым боламын. Әкең біледі, барған соң айт.

Ертең біраз жерге шығарып саламын. Баласыз жалғыз жүру деген қиын ғой қыс ішінде. Ақтоғайға бару үшін жолдан бұрылу керек. Екі жол бар. Бірі жоғары тартады. Ол жол басқа жаққа әкетеді. Екінші жол, Ақтоғайға апарды. Ертесіңе шай ішіп Жақып шалмен жүріп отырып, бір ауылға келдік. Майлы Садыр дегеннің ауылы. Жүр мынау үйге кірейік деп, үйге кірдік. Үйі сондай қараңғы көңілсіз, өте кедей тұрады. Бір әйел ұршық иіріп отыр.

– Қай жақтан келе жатқан жолаушысыздар? – деді.

– Осы үй емес пе? – деді Жақып шал

– Иә. Қоқыстың өзі қайда?

– Қазір келеді, тыста қораны тазалап жүр, – деді. Үйге, Қоқыс кіргенде бірден таныдым.

– Сәлеметсіз бе? – деп едім,

– Мен танымадым, сен кімсің, Ахметжанның қызы Үлкей емессің бе? А-а, сен әлгі Ахметжанның большевик қызы.

– Солмын.

– Бұл жаққа неменеге келдің? Сендер Нұраға көшіп кетті деп естіп едік. – Менің әкемді жауып қойыпты, түрмеге әкеме келе жатырмын. Ұялып екінші ел білмей-ақ қойсын деп, шындығымды айтпадым.

– Қарағым, Ахметжанды жауып қойды дейсің бе? иә, не үшін? Жақып ертесіне үйіне қайтты. Мен құлагермен үлкен Ақкемнің үйіне келе жаттым. Өз жерімді жақсы білемін. Желе шауып келемін. Өзіміздің қыстаққа жете бергенде құлагер жерді танып, қуанғандай кенет оқыранып қоя берді. Әуелі өзіміздің қыстаққа келіп, атымнан түсіп отырдым. Көзімнен моншақ, моншақ жас ағып отыр. Қайтадан, атыма

мініп үлкен ағайымның үйіне келдім. Үйге кіріп, келгенде үй-іші мені көріп жылап бас салды, менің зәрем ұшып: – Немене бірдене болды ма? – дедім. – Ештеңе де болған жоқ, сендерді сағындық. Шорман ағай Ақкемді отырғызып қойған түрмеге, азық апарып беріп тұрамыз, – деді. – Ақкеме келдің бе, кім әкелді сені? – деп сұрады. Мен туралы бұлар, түк естімепті. Қайдан келдім. Маған не болды, түгел айтып бердім. Біз естігеніміз жоқ. Большевик-ай сені, большевик деп текке қоймаған екен. Ертесіне Шорман ағамен ауданға келдік. Атымызды бір үйге байладық та түрменің алдына келдік.

– Осы түрменің бастығы керек.

– Ол ешкімді бүгін қабылдамайды, ертең ерте келіңдер, – деді. Ол күні қонып ертесіне тағы да келдік.

– Сізге кім керек? – деді.

– Ахметжан Бекпенбеттің ұлы. Мен әкемді көріп жолығайын деп келдім, – дедім.

– Шақыр мұнда, келсің! – деп әкемді шақырды. Әкем келді. Мені көріп, екеуіміз құшақтастық. Әкем мені: – Қашан келдің? – Кеше. Кіммен лесіп келдің? – деді. Мені әкелген адамдарды айттым. Жақып сізге сәлем айтты. Ренжиді ғой деп басқасын айтпадым. Әкелген азықты бердік, сөйлестік. Мені әзір босататын түрлері жоқ, шамасы мені соттап бір жаққа жіберетін түрі бар сияқты, – деді.

Жазда шығып, күн санап жылынып келеді. Үш ай ұстап, соттап Қызылордаға жіберінгі. Ахметжан әкем тіпті жақсы болды – Қызылорданың адамдары жақсы ел, мені танитын, білетін адамдар көп. Көрерміз алдағыны. Үй-іші, ренжімесің, жыламасын, балалар жас әлі, сол жері болмаса, өз басым әзір өле қоймаймын, – депті. Жалғыз менің әкем емес, көп адамдарды кесіп айдап жіберді. Шорман аға отырып, ауыр күрсініп: – Бұл не заман болып барады. Бейшара Ақкем, өзі ауырады өліп қалмаса жолда. Хабарын біреуден білдір дедім, – деп отырды.

Ауыр ой, тұңғыық қиял, ел босып қайда барады, күн санап беталыс өте қиындап барады. Жылау, еңіреу, елде түк қалмай бара жатыр. Таудың басында үйген қос оба болатын. Обаның қасына барып отырдым. Қала бұл жерден екі күнде барасың, қалай жаяу барамын, қап Құлагерді бекер бердім, тығып қоймай, Құлагер кешір мені. Егер де сені қинап мініп алса, не сойып жесе. Қолдан келер ештеңе жоқ. Не істейміз. Ендігі ойым қайтсемде маған Қарқарылыға жету. Бірер жеті өткен соң. Бұл жылқылар, басқа елдікі. Қасында бақташы адам жоқ. Мен ақырын келдім де бір тор биені ұстадым. Ол менен қашпады жуас қолға үйренген ғой деп ойладым, үйдің жанына әкеліп, кетуге ер-тоқым салдым. Айша жеңгем бейшара:

– Қайда барасын, мынау кімнің биесі, большевик? – деді.

– Мен үлкен Ақкеме барамын. Содан соң қоя беремін. Сол бетіммен шауып отырып, кеш батып, Шимбай еліне келдім де, биені тез жүгенін,

ертоқымды алдым да, қоя бердім. Шауып алып, қайта артына жөнелді. Аты жөнімді айтпадым. Ертесіне ол ауылдан бір ауылға апарып салды. Мен кейбіреуін таныдым, олар мені танымады. Ол уақыттарда бала жас кезімде көрді. Қайдан танысын мені. Қымызын ішіп, тамағын жеп, қайдан келесің шырағым, қайда барасың деп сұрайды бәрі. Не деп шындықты айтамын. Мен: – Қалаға бара жатырмын. Астымдағы атымнан айырылып, қалдым, – дедім. – Ертең мынау үйлерде сол жаққа жүретін кісілер бар. Олардың арбалары бар, соынмен бірге ілесіп кет. Мен оларға айтайын, – деді. Олар тұстен кейін шығып кетеміз, – депті. Мені солар Қарқаралының өзіне емес, бер жағына тастап, басқа жаққа кетті. Мені жолға салып жіберді. – Осыдан барасың. Ар жағында қала жақын, күнде олар қалаға қатынасып бара жатады. Енді қорықпа, – деді. Рахмет айтып айдалада қала бердім де жолмен жүре бердім, кейде жүгіремін, кейде жәй жүріп жан-жағыма қараймын. Күн ыстық. Шыр-шыр деген шегірткелер, басқа ештеңе жоқ. Біраздан соң, Қарамайшы ауылға келдім. Иттері мені жеп қоярдай үріп, алдымнан шықты. Мен отыра қалдым құйрықтарын былғандатып, тұрды да кете бастады. – Кет, кет! – деп итті қуып бір әйел, мені танитын адамша маған қадала қарады. – Сәлеметсіз бе? – дедім, әйел ауызын жыбырлатты да: – Үйге кір, қай жақтан келе жатқан баласын, – деді.

– Елден, қалаға бара жатырмын. Апамның үйіне, атым қашып кетті, – дедім.

– Ойбай, қарағайым-ай, озің әйел баласын, жаяу жүрген деген қиын ғой. Қасқырлар жабылып жеп қойса қайтесің? – деді. Мен ештеңе айтпадым. – Күнде қала жаққа жүріп жатады ел. Солармен жүріп, солармен ілесіп кет, – деді. Ертесіне біреулер самакат деген арбалары бар екен, өгіз жеккен, солармен қалаға келдім, көбінесе жаяу жүрдім.

Игім апайды сұрасам, мұнда жоқ. Олар Жарлыға көшіп кеткен екен. Тағы да Қасым жездемнің үйін іздедім, олар да жоқ, қырға көшіп кеткен көрінеді. Енді қайда барамын, қалада таныс адамым жоқ. Бар болса да, адресі жоқ, қалай табамын. Сөйтіп біраз ойланып тұрдым да осы қаланың ішінде қазақ үйі болса сұрай білеміп деп келе жатыр едім, ұршақ иіріп бір кемпір үйдің сыртында отыр екен.

– Сәлеметсіз бе, бәйбіше, – дедім.

–Танымадым, қарағым, қай баласың?

– Мені танымайсыз. Мен қырдан, елден келемін

– Е-е, мұнда кімін бар еді?

– Осы қалада көп жылдан бері тұратын Игім деген апайым бар еді. Және Қасапшы Қасым деген жездем тұратын. Бәрі де көшіп кетіп қалыпты, енді таныс адамдар жоқ.

– Игімді білеміп, ол жақын уақыттарда қошті. Ылғи қымызды қырдан әкелгендерден сатып алып, қайта сататын еді. Енді ешкім қымыз

тасымайды, содан соң Жарлыға жалғыз атымен тартты. Е, қарағым әйел бала екенсің, енді қайда барасын? Осында бол. Қызым бір мекемеде секретарь болып жұмыс істейді. Қазір келеді, отыр, – деді. Біраздан кейін қызы кірді. Маған қарады. Мен амандастым. Шешесі айта бастады. Мен уақытша осы кемпірдің үйінде тұрып, қалтамда ағам берген аздаған ақшам болған, кемпірге бердім. Ертесіне Мәлғаждарды іздеп, онжылдық мектепке келдім. Мектептің алдында тұрдым. Ешкім көрінбейді.

Тым-тырыс. Әлден уақытта, мектептің ішінен бір жігіт шықты, мен: – Ағай! – деп едім, тұра қалды. Осы мектепте Нұржан баласы Мәлғаждар оқимын деген еді. Білмейсіз бе үйін? – дедім. Үйін білмеймін. Оларды білемін осында оқиды. Қазір демалыс қой балаларға, – деді. Менің мойныма біреу су құйғандай. Қалай тапсам екен. Танымайтын елдер. Қайсысынан сұрасын. Тағы да іздеп кошеге шықтым. Базарға барып жүрдім. Ешкімді танымаймын. Күнде-күнде көшеге шығып жүру деген маған ұят болмады. Мәлғаждарды іздеп сандалып жүрмін. Ең құрмаса солардың бір туысқаны кездесе деп. Сөйтіп жүргенде бір күні арқасында астығы бар көтерген, бір бала келе жатыр. Тура Мәлғаждардан аумайды. – Ей, бала, тоқтай тұршы, – дедім. Бала арқасына салған бидайды жерге қойды да:

– Не сұрайсыз? – деді. Мен:

– Сен Мәлғаждардың інісі емессің бе?

– Иә, інісімін.

– Мәлғаждар қайда, оны мен іздеп келіп таба алмай көшеде сандалып жүрмін. Бір кемпірдің үйндемін. Игім апайым көшіп кетінті. Сенің атын кім? – Садуақас.

– Мәлғаждар, үй-іші Зылика тәтем қырға Шуга демалуға кетті. Мағауия аға курортқа кетті. Үйде тек мен ғана, – деді.

– Өзің, кімсің, Мәлғаждарды неге сұрадың, білушімен? – деді.

– Әрине, білмесем сұраймын ба? Менің атым Ұлжан. Сендерге мен туралы айтпады ма? – деп едім.

– А, еиді білдім, айтқан, ол сені коп тосты, арада айтушы адамдар болған. Ұлжан өзі сүйіп күйеуге тиіп кетінті. Әкесінің атын атап еді, ұмытып қалдым. Мәлғаждар елге нанбай, сонау Шетке барғанда, бір ауылдан Ахметжанның үй-іші қай жерде, осыдан неше шақырым жер деп сұрапты. . Олар сіздің үйдің ішін жақсы білетін адамдар деді. – Шетке не үшін барған? – Осында Карсон, Кернейлерден котеріліс шыққан деп, 10 жылдықтағы комсомол балаларды солдат етіп, Шетке шақырған. Сонда күйеуге тиіп кетіп қалды деген соң, Сіздің үйге бармай кетіпті. Рас па еді? – деп сұрады.

– Жоқ мен сүйіп барғаным жоқ. Рас, мені зорлап бергені. Мені шақыртып ауданға заң орны жауап алды, кетіп қалғаным, оны түрмеге

отырғызды. Әйтпесе мен күйеуге тисем, іздеп келемін бе? – дедім. Садуақас жерге қарап, тұрды да:

– Иә, Мәлғаждар осында бір қызға үйленіп, қырға бала оқытуға кетті. – Не дейсің? Әйел алып. Мүмкін емес. Өтірік айтып тұрсың, ол мені сондай сүйген. Мен де оны сүйгенмін.

– Шын, мен сені неменеге алдаймын. Оның келіншегін сондай жек көремін. Ақымақ, өркөкірек, үй-ішіміз жек көреміз. Ұлжан жүр үйге соғып коп әңгіме айтып беремін, – деді.

– Рахмет саған. Мен енді қарамды қорсетпей, мәңгі кетемін. Мәлғаждар мені сүймейді екен ғой. Шын сүйсе, басканы не қылады. Сан адамдар сөз айтты. Сені сүйемін маған ти, әзірше өскенінше тосамын деп. Мен ешқайсысына бұрылмадым. Сонна жерден әдейі іздеп келдім.

– Ұлжан, саған менің сондай жаным ашып кетті. Мен оны мұнда шақыртамын. Екеуін сөйлесіндер. Ешқайда барма. Жүр үйге, – деп мені Садуақас үйіне шақырды.

– Жок, рахмет, неге шақырасың. Мен қосылған екеуін айыруға келгенім жок. Бақытты болсын, екеуі де. Мәлғаждарды барлық өмірімде жүрегімде сақтаймын. Ол басқаға үйленсе де, мен оны сүйемін. Сәлем айт менен деп Садуақаспен қош айтысып кетіп қалдым. Кемпірдің үйіне келдім, козімде жас болса керек. – Қызым не болды? – Шеше, ештеңе болған жок. Бүгін туыстарымды іздеп шаршадым, ешқайсысын таппаған соң жыладым, – деп айта салдым. Ой, адамның тағдырынан жаман жок екен. Ішім күйіп, жата беремін. Жүрегім ауырады. Япырай, осылай деп кім ойлаған. Мен әлі жас емеспін бе неге сонша мені әуре еттің. Менің саған не жазығым бар еді, неге сонша Алла мені қарғадың, күнәқар болған жок едім ғой. Ұйықтай алмай жаттым. Енді қайда барамын. Не тіршілік. Бұл өмірден не үміт етемін. Өлгенім артық. Қара, қарғаға ұқсап, көрінген боқты жеген, Ей Алла неге мені алмайсың деп түн ортасында, басымды көтеріп отырдым. Ертесіне елге кетсем, қайта Жақыптың баласы мені не оңдырады. Жок, қалай кетсем екен. Базарға келіп жүр едім, екі милиция мені шап берін ұстап алып, жүр дейді.

– Қолымды қоя бер, – деп қолымды жұлып алдым. Мені болмай жетектеп әкеле жатыр, мыналар мені қайда апарды деп келемін. Бір контораға алып кірді, ешкім жок. Әлден уақытта милицияның бастығы кірді.

– Мына қызды әрең әкелдік, – деді. Күнде-күнде базарда жүреді деді. – Базарға жүргізбейсіндер ме? – дедім.

– Қарындас қай жерде тұрасың, бұл жерде үйін бар ма?

– Үйім жок бұл жерде. Елден келдім. Елге кетемін қайтадан, – дедім.

– Қарындас, былай көшеде бос жүрген жетім балаларды интернатқа, приютқа беріп жатырмыз. Онда толы үй. Тамақ қазынадан, киім, төсек барлығын береді. Сондай әдемі қыз екенсің, өліп қаласың. Әке-шешен

бар ма? – деді. – Жоқ, – дедім. Ойландым да, жарайды әзірше болсам болайын. Қалтамда ақша жоқ, қыстық киім де жоқ. Қалай болар екен жағдай, кейін жаман болса, қашып кетемін, мені андып тұрмайды ғой. Қазынаның үйінде көп балалар, қыздар менен үлкені бар. Кішкентайы да бар. Тамақтары кейде жақсы, кейде қаша су татиды. Шыдап жүре бердім. Уақыт күн санап кетіп барады. Біздің балалар үйінде бізбен бірге ноғай балалары көп. Тұрған бұзақылар. Балаларға тиседі, өзінен кіші балаларды ұрады. Енді бір күші, тағы да бұзақы балалар, кішкентай балаларды ұрып жатыр еді, келдім де. – Босат қолыңды! – деп арашалай бастадым, солақ екен, маған тап беріп: – Ұруға жақындама! – дедім, мені салып жіберді. Солақ екен, ызаланып қалай соқтым. Сөйтіп жанталасып жатқанда тәрбиеші әйелдер келді. – Ей, тоқтат, қыздарға неге тисесіңдер!. Тентек Ноғайдың балалары: – Ана қыздың өзі бізге тиіскен. Тұра тұр, кезі келер. Сен қыз ба! – деді. – Маған тиісіп қор бәлем. Қалай сазайынды берер едім. Сендер жаман үйренгенсіңдер бұзақылықпен, – деп төсегіме келіп отырдым да ойландым, кетсем бе екен деп. Бір күндерде әлгі Ноғай балаларынан қорқып жүрдім де, ас үйден кішкентай пышақты ұрлап алдым да тығып жүрдім. Өйткені егер де маған тиісе берсе, пышақты оған саламын, енді маған бәрібір. Бүйтіп жүргенше өлгенім де дұрыс. Енді өмірден не күтемін, жылаймын ішімнен. Сөйтіп жүріп жаттым. Бастық оқыңдар балалар адам боласындар дейді. Ешқайсысы да оқығысы келмейді, бұзық балалар көп. Оны бастап бұзып жүрген Ноғай балалары.

Бір күні бастығымыз: – Балалар ертен картоп қазуға барасындар, – деді. Балалар картопты қазып жатыр, қыздар жинап жәшікке төгіп жүрміз. Сөйтіп қаптар кезімізде, анандай жерде бір кемпірлер қазақ әйелі тұрды да, бізге қарай жүрді.

– Ай, қызым! – дейді. Кімге айтып тұрғаны белгісіз, мен жақындап қасына келдім: – Не айтасыз? – дедім.

– Сені осыменен бірнеше рет көрдім. Әке-шешен бар ма? – Жоқ, ол неге керек сізге? – деп едім.

– Маған қыз боласың ба, қандай өріктей қыз бала қор болып бұзылып кетесің ғой. Мен: – Өзім де амал жоқ, – дедім, кетуге қайда барамын.

– Үйіңіз қайда тұрасыз?

– Осы қалада тұрамын, ана төбесі көрініп тұрған қызыл темір шатырлы үйде қақпасы жасыл. Ақ ағашпен қоршалған үй. Келсең қақпаны қақсаң ашамын, – деді. Мен: – Жарайды, келеміп шеше, – дедім. Біздер енді жұмыс біткеннен кейін балалар үйіне келдік, ас үйде тамақ ішіп болғаннан кейін, бізге тәрбиеші әйелдер енді жатындар деп бұйрық берді, мен көп ойдамын, маған кету керек, не істесем екен? Киімімді шешпей көрпені жамылып жата кеттім. Біраздан кейін ақырын бетімді ашып балаларға қарадым, қыздар ұйықтап қалыпты. Мен ақырын тұрып, аяғымды бір басып, екі басып ауызғы үйге келдім. Түнгі келетін қарауыл

әйел ұйықтап жатыр екен, мен тағы да сылдыратпай есіктің күршегін аштым да, албырға шығып тұрдым да, аяғымды жылдам басып, сырттағы ағаш коршаудың күршегін ашып, жүгіріш келемін. Дала сондай қараңғы. Кейбір үйлердің терезесінен жарық көрінеді. Шешейдің корсеткен үйі осы тұста болуға тиіс деп оң жақ кошеге бұрылып қарасам, дәл сол үйге ұқсап тұрды мен жайлап басып, жан-жағыма қарадым да әлгі үйге қарай келдім. Осы үй болар, қақпасын қақтым.

– Кім қақпаны қаққан, бұл қайсың? – деді бір кемпір.

– Мен.

– Менің кім?

– Күндіз сөйлескен қызбын, – дедім. Есікті ашты да: – Ой, қызым-ай, жарайсың, сен адам боларсың, – деп, мені үйіне кіргізді де, – Қарағым, біз қазір жүреміз, Семейге. Менің ұзатқан қызым Семейде тұрады. Семей деген қала үлкен қала, онда мектеп те бар, оқисын адам боласын. Сені көріп менің саған жаным ашып кетті. Балалар үйінде қандай болып шығасың. Өңкей бұзық балалар онда, көріп жүреміз. Біраздан кейін пар ат жеккен үлкен арба үстінде сандықтар, көрпе-жастықтар салынған екен. Екінші пар, ат жеккен арба үстінде жапқан шатырша, біз осы арбада отырдық. Түн іші жүріп келеді, жол ұзаққа ұқсайды мені неше түрлі ой қайғы, танымайтын адамдармен қайда барамын деген қиял белгісіз тұман ойларменен келе, ұйықтап кетіпін. Сыбырлаған адамдардың дауысы менен оянып кеттім, көзімді ашып қарасам, шешей жерге түсіп азық салған жәшіктен май бауырсақ сүр еттерді дастарқан жайып үстіне қойып жатыр. – Ау, қызым, бері кел, шай іш, біраз демалып тағы да жүреміз, – деді. Мен келіп отырдым. Менің жанымнан екі адам келіп отырды да: – Шеше мына баланы қайдан тауып алдың? – деп сұрады. Бұл бала менің қызым, екінші, несін сұрайсың? – деп шешей шеміркеніп қалды. Жүріп отырып Семейге де келдік. Қарасам қолдың саласындай жарық ораған қаланың жарығы, жұлдыздардай жарқырайды. Мен бұрын мұндай қаланы көрмей таңғалғандай қарап келемін. Екі күндей жолда жүріп шешейдің қызының үйіне келдік. Балалар, қызы алдымыздан шығып шешесін көріп жылап жатты. Мені көріп. – Апа, мына қыз бала кімдікі? – деді. – Менің қызым, тауып алдым, – деді. Үйге кірдік. Үйі бай тұрады екен, бес бөлме үйі кірсе шыққысыз жасау. Үш баласы бар екен. Ең үлкені 15-16-ға келген секілді. Үшіншісі қыз бала екен. Шай ішкеннен кейін, жүр ойнайық деді. Менің ойнағым келмей отырсам да солармен ойнап жүрдік, екі ер баласы сондай тентек маған ұнамады. Көшеде кетіп бара жатқан адамдарға тас лақтырып ойына келгендерін жасайды. Мен осы үйде үш күндей болдым да, айтпай кетіп қалдым. Көше таныс емес, адасып бір келген жеріме қайта-қайта келе бердім де, үйге кері қайтамын десем, адасып қалыппын, үйдің адресінде білмеймін, нөмірге қарамаппын. Адасып-адасып бір жерге келсем, маңайда толған адамдар. Жақындап

келсем станция дейді. Ініпе кірдім, іші толған адамдар жүктері жерде жатыр, балаларыменен отыратын жер жоқ. Әрлі-берлі отырдым да, қазақ әйелі отыр екен: – Мына адамдар қайда барады? – деп сұрадым,

– Қайдан білейін, кімді-кім біледі. Әр қалаға кетеді. Билеті жоқ бірнеше күн болды, жатырмыз осында, – деп, маған қарап:

– Сен қайда барасың, жалғыз жүрсің бе? – деді. –

– Менің Алматыда апайым тұрады. Сонда барамын деп келіп едім, – дедім.

– Билетсіз пойызға мінгізбейді, – деді.

Олай-былай жүрдім де есігі ашық тұрған пойызға міндім, қарасам ішінде адам жоқ. Қайтадан шығып жерге түстім де біреулерден: – Қай пойыз Алматыға барады? – деп сұрадым, білмейміз деді. Мен не болса мына есігі ашық тұрған вагонға келіп отырдым. Ішінде орындықтары да жоқ. Кішкенедей пойыз сілкілеп жүріп барады, мен қайда барады ештеденен хабарым жоқ, жүріп келді де тоқтады менен басқа адам жоқ. Сылдырлап тағы да жүріп кетті. Мен отырып ұйықтап кетіпін, бірдене тарсылдап адамдар үстіме қарай күрекпенен көмірді лақтырып жатыр. Мен зарем ұшып, ұшып тұрып қаша жонелдім, екеуі мені қуып келеді. Мен есігі ашық тұрған конторға кірін едім, әлгі екеуі мені ұстап алды, олар орысша сөйлейді. Мен түсінбеймін олардан қашуға тартынамын. Мені жетектеп; жұмыс істеп отырған бір қазақ жігітке әкелді. Екеуі де орыс орысшалап сөйлеп тұр, күледі өздері. – Қайдан жүрсің, қайдан келдің? – деп сұрайды.

– Билетің бар ма? – деді, – Билет жоқ, – дедім.

– Үстіңдегі киімің балалар үйінің киімі ғой, балалар үйінен қаштың ба? – деді.

– Жоқ, – дедім.

– Енді қайда барасың айт. Әйтпесе түрмеге жібереміз, – деді

– Алматыда апайыма барамын дедім.

– Мекенжайын білесің бе?

– Жоқ. .

– Қалай табасың, онда сені мен бастыққа апарамын, – деп мені әкеле жатыр. Станция деген жазуы бар. Мені қолымнан жетектеп конторға кірді. Конторда ецгезердей бір қазақ отыр.

– Мына баланы ұстап алдық. Көмір таситын вагоннан шығып қашып бара жатқан жерінен, билеті жоқ, – деді.

– Қайда бара жатырсың, неге балалар үйінен кеттің? – деді.

– Ағай, менің апайым Алматыда тұрады, сонда барамын. Өзім тұрған бөтен кісінің үйі, мына киімді солар берді, – дедім.

– Қандай өтірік айтады? Қазір бір сағаттан кейін Алматыға кісілер отыратын пойыз жүреді. Сол пойыздың машина жүргізетін Петровты шақыр, – деді. Біраздан кейін бір орыс келіп мені шақырдыңыз дегендей

сұрады. Ішім сезді. Шақырғаны осы орыс кой деп. Оныменен орысша сөйлесіп жатты. Ол орыс маған қарап күлін басын шайқады. Мені қолымнан жетектеп пойызға кіргізді де, қолымен нұсқап осы жерде отыр деп, сәлден соң борщ сорпа берді. Нанын да қойды. Мен сорпаны ішіп жатқанда бір қазақ пен Петров келді. Қазақтың қолында қағаз қарандашын алып:

– Әкеңнің, өз атыңды айт, – деді. Мен айттым.

– Пойыздан ешқайда түсуші болма. Сені мына Петров апайыңның үйіне апарды, – деді. Мен сондай қуанып қалдым.

Біраз уақыттан соң пойыз жүре бастады. Мен тамағымды ішіп болған соң, пойыздың терезесінен қарап отырдым да сілекейім қатып әбден шаршағаным ұйықтап қалыппын. Екі күннен соң, терезеден қарап тұрсам, алыстан бұлдырлап көкпен-көк таулар көрінді. Біраздан соң қарасам таудың басы аппақ қар, мұнара сондай сұлу таулар. Мен Петровка қарап қолыменен қазақша айтып:

– Анау тау ма? – дедім. Ол маған қарап терезеге қарады да:

– Это тау Алматы, – деді. Скоро будем там. Мен: – скоро-скоро будем там. Петров маған қарап күлімсіреп, қолымен мені түртіп: – Сенің туғандарына барамыз, – деді, қазақша жаман сөйлейді. Мен орысша сойлемеймін. Ішімнен қуанып жүрегім қағып көзіме жас та келді. Тонған сияқты боламын. Пойыз станцияға келіп тоқтады, маған Петров сен түспе. Мен келемін деді. Мен кішкене отырдым да түсіп сыртқа шықтым. У-шу халық. Бір қазақ әйелі тұр екен:

– Айтыңызшы, қалаға қалай барады, жақын ба қала? – дедім.

– Қалаға шолақ пойыз барады, – деді де кетіп қалды. Мен жүгірін

– Шолақ пойыз қайда? – деп сұрадым. Ел жауап бермейді. Мен орнымда тұрып қалдым. Сәлден соң егде шалдау қазақ келе жатыр екен.

– Ата, айтыңызшы, қалаға қалай барады, мен жана ғана пойыздан түстім, – дедім.

– О, былай жүр де, әне көрініп тұрған кокшіл шолақ пойыз қалаға апарды, – деді. Мен жүгірін келіп вагонға шығайын десем, кіруге есігі жабық тұрған секілді қарасам аржағынан елдер мініп кіріп жатыр. Мен де кірдім де, – Ой, Петров мені іздеп жүр ме, неге тоспадым екен деп ойландым да қайта түсейін бе деп тұрып едім, селкілдеп пойыз жүріп бара жатыр. Қай жерден тоқтайтынын да білмеймін. Түрегеп қарап тұрдым, «билет» – дейді. Мен басымды шайқадым. «Уходи, уходи» – дейді. Бір қазақ маған қарап:

– Билетін бар ма?

– Ақшам жоқ, – дедім. Ол маған қағаз берді, «билет» – деді.

– Қайда барасың, түсетін жерді білесің бе? – деп сұрады. Мен:

– Жоқ.

– Ой бала, бұрын бұл қалаға келмеппе едің?

– Жоқ, – дедім. – Баратын үйіннің мекенжайы бар ма?

– Мекенжайын білмеймін.

– Менімен бірге түсте де жүр, – деп келе жатырмыз. Ол кісі: – Мен командировкаға келген адаммын. Мен де таныс үй жоқ, – деді де, – осы жерде тұратын қазақ үйлері көп, солар білетін шығар туысқаныңның үйін, – деді. – Мен тұра тұрамын. Анау қазақ үйіне кіріп түсіндір, сұра. Егер де олар білмесе, солардың үйінде түне, қонып сонда бол. Қазір күн батып бара жатыр. Жуликтер олтіріп кетеді, – деді де ол тұрды. Мен қазақ үйіне кірдім бір үлкен кісі намаз оқып отыр. Үй-іші маған қарады да не істеп жүрген баласын деп сұрады.

– Мен осы қалада тұратын апайымды іздеп келіп едім. Мен алыстан келдім. Қарқаралы қаласынан.

– Біз білмейміз естіген қаламыз емес деп біріне бірі қарады. Қарным ашып отыр едім, бір кесе шай мен бір жапырақ нан берді.

– Апайыңның мекенжайын білесің бе? – деп сұрады шал, намазын болған соң.

– Жоқ білмеймін. Тұрмысқа шыққаннан кейін хат жазбады. Мен балалар үйінде болдым. Мені Семейге әкелді, үлкен қарт әже. Қор болып кетеді ғой деп. Олар мені бала қылып алмақ болды. Қарт әже өте бауырмал жақсы кісі. Семейде тұратын қызының балалары жаман балалар. Ол балалармен мен тобелесіп қалдым. Содан соң үйінен кетіп қалдым. Пойызға қалай отырдым, талай көргенімді түгел айттым. Бір жастау келген келіншек отырып:

– Осы қалада жуликтер бар дейді. Сен байқа үйінде бол қон, содан соң бізге есік ашып бер деп кішкентай балаларды жібереді екен, – деді. Шал отырып:

– Не деп отырсың. Осындай бала сондайлармен жолдас бола ма? Қашқан, қаңғырған балалар аз ба? Мен бұл баланы байқап отырмын. Әкешесінің айрылып қалған. Ей, қарағым әке-шешен бар ма, олар қайда? – деп сұрады.

– Жаңа өзіңіз айттыңыз ғой дәл солай, – деп жыладым

– Балам жылама, заман солай болды ғой. Ерген сені мен базарға апарайын, базарға келсе танысын ба апайыңды? – деді. Мен неге танымаймын деп қуанып қалдым. Ертесіне шал мені кок базар деген жерге әкелді. Содан соң киім сатып жүрген базарға келдік. Қайтадан әлгі кок базарға келдік те, олай былай жүрдік. Шал ата маған ыстық манти сатып алып жегізді де: – Қарап тұр жан-жағына бұл базар күні келмейтін адам болмайды, – деді. Біраздан соң анандай жерде үстіңде жібек ақ көйлек, ақ жібек шәлісі бар, қолында таяқ, қорса сала; ата анау үлкен кісіні танытын сияқтымын деп артынан жүгірдім де:

– Шеше амансыз ба? – дедім. Маған жалт қарап:

– Е-е, карағым мені танысың ба, қайдағы баласың, қайдан келдің? Мен танымай тұрмын, – деді.

– Шеше мені кешіріңіз. Менің апайымның енесі Бибім балаларымен осы Алматыда тұрады. Мен сізді сол кісі екен деп қалдым, – дедім.

– Апайыңның аты-жөні, әкесі кімдер? Құдағидың аты кім? – Бибім Ермек, – дейді. – Апайымның аты Қаукен, жездем Мүсіп, – дедім.

– Ермек Әлімқандарды білемін. Ал Бибім деген кемпірді де. Сонда сен апайың Қаукенді іздеп келдің бе?

– Ойпырым-ай не деген өжет қыз баласын! Қай жерден келдің? – Қарқаралы деген қаладан.

– Е, сонау Қарқаралыдан апайыңның үйін білесің бе?

– Жоқ, білсем өзім де барамын ғой.

–Е, солай де, жүр сені мен апарамын, – деді. Мен секіріп түсіп шешемді құлақтап жыладым. Мені ертіп келген шал:

Тәңір-ай, мына баланың қоз жасына, сізді бүгін кездестірген. Мына бала жылап кеше біздің үйге келіпті. Маған бәріп айтты. Мен бүгін базарға апарайын, апайың базарға келсе, табамыз дедім, – деді. Мен шалмен қош айтысып, рахмет ата, содан соң сізді табамын. Мені шешей ертіп үйіне әкеле жатты. Милиция тұр. Мен оларды көрдім де кейін шегіндім. Шешем қорықпа балам, бұлар өзіміздің балаларымыз ғой, – деді. Үйге кірдік, Үй-іші сондай таза, Үй-іші кілемдермен безендірілген. Маған: – Қызым бері кел, – деп, мені шомылдырды да басқа таза көйлек берді. Киіп қарасам шұбатылып жатыр. Енді бір комнатаға кіргізіп осында жат ұйықта, – деді де есікті жауып шығып кетті. Мен ұйықтап қалыптын. Сондай тәтті ұйқы көп ойлап жаттым. Шешей маған қарап:

– Қызым мына бала, жақын адамымыз. Сені апайыңа осы бала ертіп апарайы, – деді.

– Апайыңның мекенжайын Бибім құдағиым берді. Өзінің қолы босамай отыр, баласының баласымен отыр екен, – деді. Мені киіндіріп жатқанда, жас әйел кірді де:

– Апа, мына балаң кім? – деп сұрады. – Е-е, оны енді кейін айтамын, адасып жүргенде, апайын таппай, мен тауып алдым, – деді. Қазір шай ішейік деп үлкен үстелге әкеп отырғызды. Шай ішіп отырғанда шашын тік қайырған дөңгелек жүзді аққұба жігіт келіп отырды.

– Мен мына баланы базардан қаңғып жүрген жерінен әкелдім. Өзі сондай зерек, мені шеше амансыз ба дейді. Бұл бала мені құдағи Бибім екен деп қалыпты. Ермек Әлімқанның келіні екен апасы. Осы апасын іздеп айтып отырса, көрмегені жоқ екен. Шайға келіп отырған аққұба кісі Ораз Исаев деген кісі екен. Мен кейіннен жездейден сұрап білдім.

Мені ертіп келе жатты. Мені ертіп апар деген қыз:

– Атың кім?-деп сұрады. Мен:

– Ұлжан, – дедім.

– Ал сіздің атыңыз кім? – дедім.

– Шайза, деп жымыып күлді де тоқтай қалды. Мен бетіне қарадым. Анау тұрған үй деді. Сол екі ортада ұзын жеңді көк көйлекпен самаурынды көтерін далада шоқ салып тұрды. Қасымдағы қыз.

– Жақындап бар сені танырмекен, мен осы жерде тұра тұрайын, – деді. Мен жақындап келгенде маған жалт қарап тұрды да үйіне қарай жүгіре басып кіріп кетті де, қайтадан шығып қарап тұрды, қасында бір адам ол да қарап тұрып: – Ой Ұлжан ғой, – деп алдымнан жүгірді. Қаукенді таныдым мені танымай тұрып қалды, жылай бастады. Қаукен қоймай екі сат жылады. Әке-шешесін сағынған. Туғандарын да. Әлсін-әлсін тек жылай береді. Мені моншаға апарып жаңадан көйлек кигізіп, шашыма лента тағып сондай қуанған.

1931 жылы мен жездем Мүсіптің үйінде жүрдім. Мені Қаукен оқуға бермек болды. Сен оқы, күйеуге сен әлі жассын деді. Оқимын енді деген қуаныш кеудеме сыймайды. Мені қаланың шет жағындағы мектепте күндіз оқып жүрдім. Ал мектепте оқып жүргенімен, мен оқуға түсінбей қиналып жүрдім. Өйткені орыс тілінен түк білмеймін. Үйге келіп апамнан сұраймын, түсіндіреді, орыс тілі қандай қиын. Менімен бірге оқып жүрген балалар орыс тілінде судай жазады. Олар жақсы түсінеді. Мен болсам, түк білмеймін, екі көзім бақырайып отырғаным. Сол жылдың қысында апайым босанып қыз туды. Атын Тамара қойды. Баладан кейін апайым ауыра беретін болды. Тамараны мен қараймын. Жылайды, сүт беремін, ойнатамын. Сонымен сол жыл жөнді оқи алмадым. Әлі есімнен шықпай қойды.

1932 жылдарда жақындады, оқуға барғаныменен басымда ештеңе қонған жоқ сияқты. Есепті жақсы шығарамын, маған қиын болғаны орыс тіліндегі жүретін сабақтарым. Кейде мұңайып, отырамын. Елдегі үйдің ішін әке-шешемді, бауырларымды сағынамын. Шауып баратын жер емес. Елден хабар келді. Ел аш, тамақ жоқ, бәрін сыпырып алған. Қайыр сұрап жүрген адамдар деп ойға түсіп апайыма айтамын. Біздің үйдің іші не болып жатыр екен деп екеуіміз қосылып жылаймыз. Бар болған өзімізге әліміз келеді тек. 1932 жылы келді, енді Үй-іші жағдайы нашар Ақбілек шешем, қаңғып қайыр сұрап жүр деп естідік. Қаукен үлкен апамды, інілерімізді алғызу керек. Мұнда олар босқа қырылып қалады деді. Кім барады, жұмыстан жібермей ме? – дедім. Ол менің үй семьямның не болғанын айтты. – Бара алмаймын, мені ұстап отырғызады. Барсам, осыменен өмірім біте жатар.

Бір күні сабағымды жазып отырсам, бір танымайтын жігіт кірді. Қаукен апайым: – Жоғары шығыңыз, – деді. Ол: – Рахмет, үйде Мүсекең жоқ па? Апайым: – Ол жұмыстан келген жоқ, сіз кім боласыз, неге керек еді? – деді. – Маған үйге келіп тұр, – деп айтқан еді. Ертеде бірге оқитын едік, – деді. Қаукен келіп қалар отырыңыз деп, шәй қойды. Үйге жездем

кірді. – Ай, амансың, жана келдің бе? – деп сұрады. Өлгіде кәзір келдім. Сонымен ылғи үйге жиі келетін болды. Екі көзі менде, күлімсірейді, ештеңе айтпай. – Мүсеке, далаға жүріп келсек, қалай болады, – деді. Екеуі шығып кетті. Ертесіне жездем: – Кешегі келген жігіттің ойы Ұлжанды қалады. Ол өзі жаман жігіт емес, университетті бітірген, оқыған екен. Жігіт Ұлжанның теңі несі бар, осы жігітке берейік. Қалай көресің, – деп маған қарады. Мен ашу кызып, кеудемді: – Осы сізге мен күйеу тауып бер дедім бе? Үйінде отырғанымды, жүргенімді жек көрсеңіз, кетуім оңай. Әйтпесе, ондай сөзінді бұдан былай айтпайтын болыңыз, – дедім. Қаукен апайыма былай депті: – Мен әке-шешесін, інілерін әкел десендер, оған мен дайынмын. Өзімнің де әке-шешемді алып келемін, – деді. Мен Ұлжанды солай сүйіп қалдым. Егерде мені сүйсе, еш нәрсемді аямаймын деп айта жалынды. Қаукен маған қайта-қайта жалтақтап қарай берді. Біраз үндемей отырдым, мен Мәлғаждары шын сүйген едім. Енді мен онан басқаны сүйемін деп айта алмаймын. Күйеуге шықпаймын, оқимын енді ойым осы.

– Шын туысқан апам болсан, ендігәрі мынандай сөзді тоқтатыңыздар, – дедім. Қаукен апайым:

– Сен немене жас кезіндегі еркелігінді әлі қоймайсың. Қазір қандай уақыт, әлде бәрі ісіп-кеуіп, өліп жатыр аштан, тамақ жоқ. Сүйген жігітін басқа бір қызды алып отыр. Сен сүйгеніңмен ол сені сүймейді, сүйсе сені алар еді ғой. Өлетіп бұзаудай мәңіреп, – деп қатты сілкіп сөйледі.

– «Иә», мен сүю үшін қартайып өлгенше кара жерге кіргенше, басымды қатырмандар. Бүйтіп жүргенше, өлгім келеді. Ақырын далаға шығып кеттім. Артымнан апайым қоса шықты да, мені құшақтап өкіріп жылады. Өзің білесің ғой, мен оны қандай жек көруші едім. Бармаймын бұған тұрмысқа шықпаймын деп. Қандай болдым еріксіз кеттім. Қазір міне, тұрмыс құрып жүріп жатырмыз, – деді.

– Ой, үйткен тұрмысың да құрысын. Өлгенше жылап өткенде тұрмыс па, киген киім, жинаған боқ дүние неге сән ол. Білмеймін тірідей олдым, тірі жетіммін. Қызығы жоқ өмірді өмір сүрдім деп неге керек, – дедім. Осымен үш ай өтті. Жазғытұрым, мен ауыра бердім. Барымнан кейде келе жатып басым айналып құлап кетемін. Кейде екі көзім бақырайып, жатамын төсекте. Неше түрлі бос қиял, бос ой жөндеп тамақта ішпеймін. Терезеден қарасам дала тұманды, күн бір түрлі көңілсіз болдым. Бірде денем күйіп, ішім ашып ауырғандай болып кетемін.

Есімде күндіз түні Мәлғаждар, құдай-ау соған қайдан кездесіп едім, осы ауыр қасіреттің бәрін көтеріп, балаша жүгіріп жүретін бе едім, деп ойлады. Көзім ашық жататында, тағы да әке-шешемді бауырларымды ойлаймын. Таңертең ойлаймын, кешке ойлаймын. Әлде бәрі аштан өліп қалды ма, хабарсыз не бәрі хат жоқ. Не болды екен, енді менде не тіршілік қалды жоқ, жоқ мен оларды аман алып қала – мын, өзімді

сатамын, кешір мені анам аналық маған берген ақ сүтінді ақтаймын кешір анам. Одан басқа менде түк жоқ деп денем қалтырап, басым мұздап, шекемнен тер шыққандай болды, елдегі шешемді бауырларымды ойлаймын, әлде бәрі аштан өліп қалды ма, хабарсыз, не бір хат жоқ. Не болды екен, енді менде не тіршілік қалды. Жоқ, жоқ мен оларды аман алып қалам. Ақ сүтін ақтаймын, кешір анам. Сөйтін жүріп жездемнің айтқан жігітіне тұрмысқа шықтым, елден шешемді, бауырларымды алғыздым Алматыға. Әкем екі ініммен қайтыс болыпты. Бұл өмірде не қормейді, адамнан күшті ешнәрсе жоқ па деп ойладым, өйткені өз ойым адамшылыққа, адалдыққа, шын махаббатымды ойладым. Жоқ бәрі де сәтсіз өмір болды. Әуелде анаңнан шырылдап туғанда маңдайына жазылғанды көреді екенсің. Өкпемді алқынып қалай сүйретсем де бола алмадым. Көп қателестім. Екі жүрек бірдей болып кездеспеген соң, қателесу оп-оңай екен. Қосылған жолдасым сені сүйем-күйем деп, бір жыл болмай шешемді, бауырларымды қуғыштады. Ол сорлылар қайда барады. Жағдай қиын, менің қас-қабағымға қарамады. 1933 жыл болатын, менің 14 жасым, сақа болғам, болысамын барлығына түсіне білетін. Оқудан келсем шешінбестен маған ұрыса бастады. Бұл басында мұндай емес еді. Мені енді қайда барады дегеніме түсіне алмай жүрдім

33-шы жылдың күзінде мал институты ашылды. Сонда оқуға түстім, жаман емес көпшілік сабақтар қазақша жүреді. Әйтеуір орыс тіліне нашар болдым. Қыстай оқып шықтым. Бір күні жолдасым:

– Ұлжан сен неменеге оқып жүрсің. Сен бәрібір оқығаныңмен рабфакті бітіре алмайсың, орысша түк білмейсің, бос әуре. Оқуды қой менің жалақым екеумізге жетеді ғой, – деді. Мен орнымнан тұрдым да:

– Мен сізді түсінбеймін және түсінгім де келмейді, айтқан создеріңді тындауға да болмайды. Ал сізге көп рахмет мен шешемді ешқайда қумаймын, бауырларымды оқытамын, ал сізге біз ұнамасақ шешеммен бауырларымды көшіре алмасаңыз, менің сізбенен жолымды өзгертемін. Мен бұл үйден кетемін Ташкент қаласына оқуға барамын. Бізге Ташкентке барасындар, сонда оқисындар деп жатыр. Рабфак сонда көшеді, – дедім.

– Е, бәсе бір жігіт тауып алған екенсің ғой, – деп дүрсе қоя берді. Тілін шайнап булығын жерді тепкілеп ашуланды. Мен ештеңе айтпадым, ол ұшып түрегеліп мені жақтан тартты, тартып қалды. Шешем. – Ойбай, мынау не сұмдық, сен ұратындай ол не істеп еді, шырағым. Қол жұмсағаның не, ұят емес пе? – деп қайтадан орнына отыра кетті. Ертесіне рабфакка барып, директорға кірдім. Мені де Ташкентке оқуға баруға жазыңыздаршы. Директор тізім завучта соған бар деді. Бірімжанов болатын завуч.

– Ағай, мен Ақметова Ташкентке оқуға баруға тізімде бармын ба? – дедім.

– Ой, қарындасым, әрине бар. Жолдасың жібереді ме? – деді. –
– Менде жолдас жоқ, – дедім.
– Оны енді өзің шешерсің, – деді. Үйге келсем шешем жылап отыр.
– Апа, не болды сізге? – деп сұрадым.
– Қарағым-ау, бізді тастап қайда барасың, ақылға тоқтасайшы, үйіміз-
күйіміз жоқ қайда барамыз?

– Апа жыламаңыз, жездем осы Ақсайға мектептің директоры болатын болды. Сол Мүсіп көшіп келсе, Қаукендікінде қаласыздар. Мен Әлімқандікінде болдым кеше ақылдастым. Осылай деді. Ақылын айтты оқы адам бол, оқу азығың тамақ та болады. Жолдас та болады деді. Мен енді бұнымен тұруға жүрегім жоқ. Сүймеймін. Сіздер, бауырлар үшін тидім. Мен бұл кісімен адам болмаймын. Енді маған бәрібір сияқты. Бұл үйде тұрғым келмейді.

Сол күні кітап оқып отыр едім үйге екі адам кірді дабыр-дұбыр. Мен кітабымды оқи бердім. Олар сөйлеп есік жақтан дабырлап үйге кірді. Мынау жігіт менің бірге оыққан жолдасым көшеде кездестім. Мен орнымнан тұрдым да ас үйге барып шай қойдым да қуырдақ турай бастадым. – Арақ жоқ па? – деді жолдасым, – Жоқ, алып неге келмедіңіз, үйге қонақ ертіп келген соң, – дедім. Қонақ: – Жоқ, мен арақ ішпеймін; – деді. Шай ішіп болып, қонақ шығып кетті. Жолдасым Садық маған ұят жоқ, тағы да ұрыса бастады. Мен де үн жоқ. Сөйлеп, сөйлеп мені келіп аяғыммен теуіп қалып ұра бастады. Мен тарт қолыңды менен дегенше, шашымнан ұстап шашымды жұлды. Шешем, үйдің-іші ойбай салып не сұмдық, мынауың. Не үшін ұрасың? Мен бар ашуыммен итеріп қалдым, сөйттім де үйден тұра қаштым. Көшеде кетіп бара жатқан адамдар. Жүгіріп кетіп барамын, ол мені қуып келеді. Сол бетіммен өзіммен бірге оқитын қыз Жүністің қызы Батиманың үйіне келіп есік қақтым. Есік ашылды: – Не болды ойбай? Мен басым-басым деп құлап түстім. – Ойбай, басыңда аққан қан, – деп, басымды ұстады. Ол мені тепкілегенде етігінің темірі кіріп басымды жарыпты.

Мен сол күні осы қыздың үйінде болдым. Күндіз ертесінде шешеме жолдас қызымды жібердім. Қыркүйек айына дейін осы қыздың үйінде жүріп жаттым. Мені іздесе де таппады. Сонымен күзде шешем, бауырларымды апайымдікіне қалдырып, Ташкентке Қапқанбек деген жерге рабфакта оқуға келдім. Екі жыл оқып, үшінші курсың бітіріп Алматыға келдім. Мен кішкене үйренген домбырамен өлең айтып жүрдім. Кейін де өлең емес, жүрегімнен зар шығатын болды. Не де болса, Музыкалық училищеге оқуға түстім. 1934 жылда оқумен бірге радио комитетке қазақ хорында жұмыс істеп жүрдім. Хорда жүргенде қазақ хорынан үш баланы Мәскеуге жеке әнші болып шығу үшін, бізді таңдап алып Мәскеуге оқуға жібермек болды. Сөйтіп жүргенде қатты ауруға ұшырадым. Басым айналып, көзім жөнді көрмейтін болды. Адамның

бағы ашылмайын десе ойламаған пәлеге ұшырап, еріксіз өмір билейді. 1937 жылы өте жаман жылдар болды. Оқып жүргенде Сәкен Сейфуллиннің үйіне барып жүретінмін. Ол кісі нағашы ретінде жақын тартып маған ылғи оқы адам боласың күйеуге әзір тиме. Сенің бағынды оқу ашады деп отыратын. Өте жақсы кісі еді. Бір күні екі қыз Ленин көшесіндегі баққа келіп жүрдік. Анандай жерде Сәкен тұр екен. Үстінде ақ костюм қолында таяқ қолын анда-санда көтеріп серпіліп бірдене айтып тұрған сияқты болды. Мен ақырын, екі қыз жанына жақындап тұрдық.

– Сәлеметсіз бе нағашы, – дедім.

–О, балалар биге келдіңдер ме? – деді күлімсіреп. Мен ұялғандай:

– Жоқ нағашы, жәй келдік, – дедім. Маған қарап:

– Мына баққа көп келе берме, алып қашатын түрі суық жігіттер жүреді, – деді. Біз күлдік. Мен ол кісінің үйіне 36-жылдан барып жүретінмін. Карл Маркс 84-үйде тұратын еді. Бір күні, демалыс күн болатын, келсем әйелі Күлекең шай ішіп отыр екен. Маған шайға отыр деді. Мен де отырып шай іштім. – Оқу қандай, неге жүдеуің? – деді. Мен ештеңе айтпадым. Енді бір күні тағы да келдім, өйткені біздің оқып жүрген музыкалық училище Карл Маркс көшесінде болатын баққа қарсы. Сәкен төмен қарап өзінің кабинетінде жазып отыр екен. – Кім келген большевик пе? – деді. Мені үйде жүргенде Игі әке-шешеммен большевик дейтін. – Мен Ұлжан келген, – дедім. –А, бері кел, мен саған мына бір өлеңді шығарып қойдым, – деді. Жүрегім дүрсілдеп кетті. Нағашым менің қайсарлығымды жазып отыр ғой деп, не өлең нағашы дедім. Мен қағазды алдым да далаға қарай шығып кеттім. Үйге келдім де қағазды ашып оқыдым.

Қиылған кара қасты орта бойлы,
Сезімді сергек ұйқы қиял ойлы.
Қара көз күлімдеген, кара торы
Талайды құмар қылып түспей қойды.
Болғанда жұмыр білек, үшкір саусақ
Жүргенде кербез басын түзеп бойды
Кей кезде ой бұзылып қан қашқан
Жеткізбей терең қиял жүзін басқан.
Ой жеңбей, қиял жеңбей жүрген кезде
Бетіне сәуле кіріп қаны тасқан.
Әлде бір күйеу бар ма жүрегінде
Ойында сақтап қалған бала жастан.

Оқыдым да, ай, менің ойымды қалай білген, менің ойым жатсам тұрсам Мәлғаждар, осы қиялымды айтпай – ақ қалай білді? Ай, шаршатты басымды. Бірдене болады да жүреді.

Апайым Қаукен Қаскелен ауданында тұратын демалыс күндерде келіп кетіп тұратынмын. Жездем мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. Апайым да сабақ береді. Үйлеріне келсем түрлері бір түрлі жүдеген. Шешем: – Ой, Құдай-ай адам баласы не көрмейді, – деп ойлауға болмайды екен ғой. Түрегеп тұрған күйімде: – Иен, не болды? – деп сұрадым. – Қарағым Ұлжан отыр, қалың қандай?. – Жаксы апа, айтыңыздар не болды деп екінші рет сұрадым. Мына жезденді, Қаукенді жұмыстан шығарып тастапты, – деді. Менің үрейім ұшып: – Не қылмыспен? – дедім. Жездем маған қарап: – Мен, Қаукен халықтың жауының тұқымы деп жұмыстан қуып отыр. Жалғыз мен емес көп адамдарды осылай етті, – деді. Көпке дейін жұмыссыз жүрді. Мен Алматыға қайтып келдім. Оқуға келіп отыра бергенде жолдас болып жүрген қызым: – Ұлжан жаңалықты естідің бе? – деді. Мен:

– Не жаңалық? – деп сұрадым.

– Бүгін түні көп адамдарды түрмеге әкетіпті. – Кімдерді екен? – деп сұрадым.

– Ой, қайдан білейін, мына балалар айтып жүр ғой. Көп коммунистер халық жауы болыпты, – деп күліп жүр, осында онбағандар.

Оқудан шыққан соң нағашы Сәкеннің үйіне қарай кеттім. Үйге кірсем жылаған адамдардың дауысын естідім де аз тұрып ішкі бөлмеге кірсем, әйелі Күлән жылап отыр тағы бір кісілер. Мен аң-таң болып тұрдым да, Сәкең қайда екен деп қарадым, өзі жазатын үстеліне қарадым. Күлән Сәкенді алып кетін түрмеге отырғызып қойыпты деп жылады. Мен қоса жыладым, не үшін халыққа сіңірген еңбегі үшін бе? Не болды бұл өмір?» Қайтып үйге келмеді. Екі баласыменен – Қарағандыға қашып кетті.

1939-шы жылы болды үй жоқ, біраз жыл жатаханада тұрдым, жағдайым жоқ, киім алуға ақша жетпейді. Онда да шыдап бәріне де жүре бердім. Бізбен бірге радиода хорда жүрген қыз-келіншектер, Ұлжан бүгін ақша алдың ғой, киноға барайық деп қолқалап сұрап қоймады, жарайды барсақ барайық. Киноға келдік, билет алдық, уақыт бола қойған жоқ. Қыздар біреулерге қарап күліп тұрды. Гүлсім онда бізбен бірге хорда істейді. Менің қасыма жақындап тұрды да: – Ұлжан, мына кісі сенімен танысамын, – дейді. Мен: – Қай кісі? – дедім, сол-ақ екен: – Қарындас сәлеметсіз бе? – деп күлімдеді. Мен басымды изедім де: – Сізді мен танымаймын. Мені қайдан білуші едіңіз? – деп сұрадым. Жәйбарақат: – Қарындас танымаса амандаспайын. Бұрын таныс болмасақ енді танысуға болмай ма?.

Мен ештеңе айтпадым. Киноны көрдік те үйге қайттық. Ертесінде тағы да хорға келдік, хор біткен соң музыка нота сабағымыз басталады. Терезеден қарасам кешегі көрген кинодағы жігіт тұр. Қыздар ду күлді. – Ұлжан, ана жігіт саған келіп тұр. – Несіне күлесіңдер. Жігіт көрмеп пе едіңдер. Ұят емес пе, – дедім. Үйге қайтуға жиналдык.

Мен коридорда кетсін дегендей тұрып қалдым. Көрінбеген соң шығып бара жатсам артымда: – Сәлемат па қарындас, – деп менің қасыма жақындай түсті. Мен де амандастым, не шаруаға мені тосып жүргенін сұрадым.

– А, шаруам жоқ, мүмкіндігі болса сойлессек қайтеді. Мен сізбен кешеден бері сөйлесуге құштар болдым. Өйткені әр адамның ұнататын кісісі болады ғой.

– Сіз мені не үшін ұнатасыз. Кошедегі бір корген қыздарды ұната беретін әдетіңіз бар ма еді?

– Қарындас кошедегі кетін бара жатқан қыздарды өмірлікке ұната бермейді ғой.

– Сізді мен түсінбедім, түсінгім де келмей тұр. Сізге мен ұнасам, маған сіз ұнамасаңыз ше?

– Мен бұдан былай келіп тұрсам қайтеді?

– Жоқ, жоқ келмеңіз, менің басқа бір ұнатып жүрген жігітім бар, ғапу етіңіз, – деп тұрып, аяғымды жылдамырақ басып кеттім.

Екінші күннен, үшінші күн тағы да мені тосып тұр екен. Мен таңғалдым. Мына жігіт недеген жігіт түсінбейтін деп жалт беріп басқа жолмен жүре бердім. Радио комитеті Коммунист көшесі, Виноградова почта-телеграф үйінің үшінші қабатында болатын еді.

Үш күндей коре алмадым, ойладым-ойладым, менен күдерін үзген екен деп.

Бірнеше күннен кейін тағы да тосып тұр екен. – Ұлжан, бұл қалай «жақсы да жаттық жоқ» деген. Неге қорқасын менен? – деді. Мен: – Не айтпағыңыз бар еді, айтыңыз, – дедім. – Менің атым Оралбай, әкем аты Омар дегеннің баласымын. Өзім арғын Ақмола қаласыныңкімін. Бұл қалаға Алматыға келгеніме бір жылдан асты. Осында Облнаркомзакта жұмыстамын. Айтар коп сөзім бар еді өзіңе, – деп отырғанда қасына бір ұзын бойлы қараторы жігіт келді, амандасты маған қарады да: – Неге мені таныстырмайсың? – деді.

– Мына жігіт менің жолдасым, обком партиясында істейді. Менің жолдасым Оралбай деген жігіт, өмірде өзіне тең адам таппай көп адасқан жігіт. Кеше маған бір қызға ғашық болып қалғанын айтты. Қыз маған қарамайды. – Жігітім бар деді. Жігітін көрмеймін. Неде болса бір сөйлессем, – деп, ұйықтай алмайтын болды. Уақытша біздің үйде тұрады. Ал менің әйелім радио комитетінде хорда істейді. Аты Гүлсім, – деді. Мен күлдім. Менің бұл жігіттің артымнан қалмай жүргеніне Гүлсім себепкер болып жүр екен ғой дедім. Иә, Гүлсім бізде бір жақсы қыз бар деп айтады. Ешкімді меңсінбейді, және не ойм бар кім білсін, әлде біреулер шошындырып алған ба? – деп күлімсереді. – Мені ешкім шошындырған жоқ. Оқу бітірмей ойлаған ойыма жете алмай жүргенім болмаса. Мен орнымнан үйге қайтуға жиналдым. – Мүмкіндік болса,

ресторанға кіріп тамақ ішсек қайтеді, – деді. – Оралбай, рахмет ресторанға барғым келмеді, – деп жүріп кеттім. Ол менің артымнан жүгірді: – Қарындас тоқта кішкене, жәй көшеде жүрейік, менің айтатын ақтармақ көп сөзім бар еді. – Айта беріңіз.

– Жоқ, бұл жерде айтуға болмайды ғой, ертең не басқа бір күнге өзіңнің уақытың болатын күні мен тосамын. Бір жерден келесің бе, қай жерден тосайын?

– Мен сізге айттым ғой, мені әуре болып тоспай-ақ қой. Қойыңыз! – деп түсімді суытым.

– Жоқ қарындас, тағы да келемін. Ұлжан, маған сондай қатты сөз айтпашы. Сондай қатты сөйлессең де, мені өзіңе онан әрі тартасын, – деді.

Үйге келдім, ойда біраз отырдым. Қыздар келді. – Ей, Ұлжан, нағып үндемей телміріп отырсың. Жүр асханаға барып, тамақтанып келейің.

– Жоқ, мен тамақ ішіп келдім, өздерің барындар. Олар шығып кетті. Ауыр ойда отырдым, біреулер күйеуге тиюге қуанады. Ал мен күйеуден неге қашамын. Әрине, беталды ұят жоқ тие салу да оңай емес. Кей жігіттердің әдеті емес пе, қызды көрсе, болды, басынды айналдырып соңынан қалмайды.

1939 жылы жазда шығып қалды. Бірақ адамдардың түр реңкісі жоқ. Жатаханадан шықтым да Машанов Ақжанның үйіне келдім. Ақжжан, оның әкесі Жақсыбек менің әкеммен жолдас және де құда жақын туысқандай болған адамдар екен. Ақжжан мен әйелі Раиса Тау-кең институтында оқиды екен. Мен ол кісілерді шешемнің айтуымен келіп таптым. Сондай қуанып кеттім. Ақжжан: – Ұлжан сен біздің үйге кел, осында тұр. Сенің әке-шешенді мен жақсы білемін, – деді. Қарқылдаған түсі жылы адамды кім тыңдамайды. Бір бөлмелі ғана үй, ас үй бөлмесі жоқ. Коридорға газбен ас дайындайды екен.

Бұл үйі Тау-кен институтының жатаханасы екен. Өздері төрт адам: ұлы Арарат, әйелінің сінлісі Вера менімен бес адам бір кішкентай үйде тұрдық. Көңіл шіркін кең болса, үйде тарлық бола ма? Өзі де, әйелі де өте сыйлайды, анда-санда әкемді де айтып қояды.

Хор беретін күніміз болатын, Калинин көшесіменен радиостудияға келе жатсам, жолда Оралбай тұр екен. Маған жалт бұрылып: – Сәлеметсің бе? Мен саған кездеспегеніме талай күндер өтті. Шыдам-сабырым таусылды. Не деген қаталсың. Айтшы жаным, мепі сүймейсің бе, не жазығым бар? Бір ауыз сөзіңе зар қылдың, – деп өңі сұрғылт тартып тұрды. Кескінінде әлде қалай тұңғыық реніш. Көз жеткісіз ойда тұрды.

Мен көзімнің астыменен қарап тұрдым. Менен қорықпа, қайтейін сүймесең, жазу солай шығар. Дегенменде өзімді жақсы таныстырып ой-пікірімді айтсам, деп едім. Әнеу скамейкаға отырып сөйлесейік, қалай

болады, – деді. – Ғапу етіңіз, бүгін студияға хор беретін күніміз еді. Жарайды. Ертең келермін. Мына телефон нөмірі, – деп бердім. Радио комитетінде Алхамова радиода ән салатын. – Ұлжан бір жігіт телефонға шақырады сені, – деді. Мен сездім, тындадым. – Ұлжан, мен ғой Оралбай. – Сағат төрт кезінде босаймыз, – дедім.

Мені күтіп тұр екен. Ол амандасып: – Асханаға барып тамақ ішсек қайтеді, – деді. Рахмет айттым. Ол сәл үндемей: – Жарайды, онда әне бір скамейкада отырайық, – деді. Келіп отырдық. Сөзін жайлап бастап: – Ұлжан, айтайын дегенім, адамның көңіліне барлық қыз, жігіт ұнай бермейді. Менің әкем, туыскандарым Ақмолада тұрады, мен әзірше осы Ақмолада тұрамын. Уполнаркомзакте жұмыс істеймін. 37-жылдың салдарыменен бір шаруа ретінде келу себебім, Петропавл қаласында Горком болып жұмыс істеп жүргенде, ойламаған жерден түнде бюрода отырғанымда алып кетін қамап тастады. 38-жылдың аяқ кезінде босатты. Мені отырғызған адамдардың өзіне де бізге келген жамандық күн, оларға да келін қалыпты. Менің әйелім болған, мен түрмеде жүргенде қайтыс болды, бұрыннан ескі ауруы болатын. Басында әке-шешемнің көңілін қалдырмай алғанмын. Онда мен 14 жаста. Шешем де қайтыс болған. Әкем бар. Енді мына ендігі өмірімді жаңадан қайта бастасам деген мақсатым. Партия билетін қуып жүрмін, – деді. Менің ойыма Сәкен, иә, Сәкен осылай болған. Бұл кісі айтуына қарағанда, дұрыс адамдарға қосылады ғой. Не айтарымды білмей, көп бөгелдім.

– Қалған сөзіңіз болса, тағы да айтарсыз. Көп уақыт болыпты. Мен үйге қайтам, – дедім.

– Жарайды, шығарып саламын. Қош айтысып жүріп кеттім. Соныменен үйге келуге кешігіп қалыппын. Үйге келсем, Үй-іші ұйықтаған жоқ. Ақжан үстелінің үстінде қағаздарын жайып дипломын жазып жатыр екен.

Раиса, неге кешіктің деді, киноға бардық дей салдым. Ертесіне Раиса: – Ұлжан, сен неге жүдеп жүрсің?. Әлде бір жігіт басыңды айналдырып жүрме? – деді. – Мүмкін, – дедім. – Өзіңде жасырын сыр болмайды, – деп сақылдап күлді. Мен бәрін де айтып бердім. Ақжан:

– Кім деген жігіт? – деді. – Омаров Оралбай, оны мен жақсы білемін, ол сондай жақсы адам. Петропавл қаласында Горком болып тұрғанда оны да жазықсыз отырғызған. Ол не деп жүр саған? – деді.

– Маған жолдас бол, мен сені өте сүйіп қалдым, отқа жанып күйіп қалдым, – дейді. Раиса: – Ол сүйсе, сен де сүй. Ақжан жақсы жігіт деп отыр ғой. Жұмашты менсіңбедің, ананы меңсінбейсің, қой сен ойлан, – деді. Жұмаш Абдырасулов деген жігіт Тау-кең институтының ең ақырғы курсына оқиды. Ол біртоға жақсы жігіт келешегі бар білемін. Бірақ менің көңілім жоқ онда. Неменемен өмірім бітеді қайдан білейін. Менің өмірімнен жаман жоқ болды. Менің ойым қызыл алтын ақша емес еді.

Махаббат еді. Үстімде бар болғаны бір-екі көйлегім бар. Ақшам жоқ, мен кіммін сонша деп те ойлаймын. Ой-қиял дегеннің үстіне жетпей, бос киялмен шаршап жүрдім. Кейде ойлаймын, мен қыз емеспін, мен кімге керекпін. Түрегеп жүзімді айнаға қарасам, түрім сұп-сұр бір түрлі оңып кеткен сияқтымын. Мәлғаждар өңімнен де түсімнен де кетпей қойды.

Кешке таман Араратты алып далаға шығып бара жатсам, Оралбай Омаров жалаңбас келе жатыр. Мен ойланып қалдым, неге бұнда үйге келе жатыр, мұнда ұят жоқ деп.

Сөйтсе, Раиса мекемесіне телефон соғып шақырыпты. Олар үйге кіре бергенде: – Неге келе жатырсыздар мұнда? – дедім.

Орал күліп: – Раиса деген жеңгей шақырды. Мен білуші едім, талай кездесіп қарта ойнаған болатынбыз. Шакмин Мұстайдың үйінде. Олар қонақ болды, сөйлесіп жатыр: – Мына қарындасыңыз Ұлжан артынан жүрсем маған ұрсады, – деп күлді. Ақыжан сақылдап: «Ауызы күйген, үріп ішеді» деген мәтел бар ғой.

Енді өзі әр ойда қалқып, аз сойлесіп жүріп, олардың ұлы тұратын Мүсіп жездейдің үйіне келдік. Шешеме мепімен бірге тұр дедім. – Қарағым келеміп ғой, әуелі өздерің үй болып, от жағып тұрмыс құрындар, – деп жылады. Көп кешікпей Оралбай демалысын алып, екеуіміз Ақмолаға әкесінің үйіне келдік. Бұрынғы әйелінен қалған Нүкен деген қызы бар екен. Әкесі жақсы тұрады екен, малдары бар. Әйелі олған соң әйел алмаған екен. Бір айдай Ақмолада болып, Қарағандыға келдік. Қарағандыда менің туыстарым болған. Біраз күн өткен соң Оралбай жолдама қағаз алып, Балқашқа көшіп келдік. Жұмысы етік, туфли тігетін шеберхананың, 140 адамның бастығы болып келді. Жұмыстан келген соң: – Мына жерде бір кішіректеу үй бар екен, әзірше соған шығайық, – деді. Отырып күлімдеді. – Неге күлдің? – Ей, Ұлжанка, кеше Горком бүгін етікшінің бастығымын. Бұл өмірге не айтуға болады. Партбилетімді қопарса, көрермін алдағы өмірді, – деді. Менің жаным ашып кетті. Біраз жүдеп түсі сұрланып отырды.

– Сен қайғырма, бәрі де жақсы болады. Адалдық қасиет олмейтінін аңғар, – дедім. – Иә, Ұлжанка дұрыс айтасың, әзірше осылай жүре тұрайық. Алдағы өмірді тағы да көрерміз. Жаным Ұлжан, мен бақыттымын сені маған кездестірген деп ойлаймын. Арманым сендей қайратты өжет ақылды жолдас тапсам деп жүруші едім, кейде саған қарап, ұйқыдан шырт оянамын. – Ұлтай, жүрегімдегі Ұлтай, мына жатқан кім? – деп қалды. – Ореке мені білмей қалыпты.

– Нені? – Дәрігерге барып едім. Екі қабатсың, екі ай болған. –Ой, Ұлтайка! Мені құшақтап сүйіп қандай жақсы болды, енді осы бала алдымызда жақсылық әкелсің деп, қуанышы қойнына сыймай қуанды.

Жыл да туды қыс айы мені мейрамханаға алып барады; Кинотеатырға барып, кино көреміз. Жолдастары қонаққа шақырады. Біз де оларды

шақырамыз. Жігіттер әйелдерімен келеді, сыра ішіп, әзілдесіп ойнап, күліп жүретіпбіз. Ол жердің әдеті екен, сыраны қолдан ашытады, мен үйренбеген іше алмаймын.

1940 жылы Баян туды қыз бала. Осымен жақсы өмір сүріп жүрдік, партбилетіп қайырмай жүрді. Бір күні шай ішіп отырмыз Ұлтайка деп маған қарады. Мен жалт бұрылдым. – Менің демалыс күнімде елге барайық, әкең өте жақсы адам екен, қайырымды. Еліңе көп жақсылық жасапты, кейінде аурулы болып кетсе керек. Әкеңнің сенен басқа бұл жерде ешкімі жоқ екен. Мен көмекке елің жинап басына құлпытас қойғым келеді. Өзің де айтып жүруші едің ғой, – деді. Мен сондай қуанып кеттім. – Жарайды, мен елге шай-қант, көйлектер алайын. Сөйтпін демалыс бермей жүрді.

1941 жылдың мамыр айы болатын еді. Бір күні Оралдың өңі қашып: – Білмеймін, алдымызда не тұр, – деді. – Не дейсің? – Соғыс болды, Ұлтай, бүгін 240 километр жерге Гитлер әскері кіріп күйретін, жазықсыз адамдарды өлтіріп жатса керек, – деді. Мен тұрған жерімде тұрып қалыппын. – Ұлтай, қорықпа өжет едің ғой. Олардың өзі соғысты жарияламай бастап кіріп кетіп отырған. Орыс халқын тарихта ешкім ала алмаған. Орыс халқы өжет деген тарихта. Енді бізді соғысқа алады деп ойлаймын. Ұлтайка жаным, ең құрмаса бес жыл бірге тұрмадық қой, Алла жеткізсе, Гитлердің басын қылышпен алып, үйге қайтамыз. Гитлердің басын оз қолыммен аламын, қылышпен» – деді, өңі қуарып.

Ертесіңе далаға шықсам радио айғайлап сөйлеп тұр. Ел шуылдап, әр жерде сөйлесіп тұр, өз-өздерімен, жылаған ел, айтып болмайды.

Орал жұмыстан түскі тамаққа үйге келді, мен бетіңе қарадым. – Ұлтай, ойламаған жерден соғыс шықты. Бір адамға демалыс берілмесін. Демалыстың ақшасын ғана беріндер, – депті. – Енді не істейміз, елге барсақ деп ойлап едік қой. Ореке, өлген кісі ғой, менің әкем. Аман-есен келсең, құлпытас қашпас. Өзіңді ойла, – дедім.

1942 жылдың қаңтар айында шақыру қағазын алып, жастықтың астына қойдым да жыладым. Япырай қалай болар екен? Үйге кірді жұмыстан: – Ұлтай, маған повестка әкелген жоқ па? – деді. – Жок. Ол жуынып келіп тамаққа отырды. – Ұлтайка, бір стопка бермейсің бе?. Бір стопка құйдым да, жылағым келіп еді. – Ой, ғаз жанып тұр еді, – деп қухняға шығып кеттім, ондағым көзімнің жасын көрмесін дегенім. Тағы да екіпші стопканы құйдым, бетіңе қарады. – Ұлтай, екіншіні бермеуші едің ғой. Неге беріп жатырсың? – деді. – Тамағыңды іш, жай екіншіні ішсін деп құйғаным ғой. .

Тамағың ішіп болған соң: – Ореке, саған шақыру қағазы келді, – деп шыдамай жылап жібердім. Ол мені жұбатып бетімнен сүйіп:

– Айтып едім ғой, аз уақытта жауды жеңіп ораламыз, – деді. Қайтадан ет асып, арақ әкеліп жолдастарын шақырдық. Түніменен әңгімелесіп отырдық, ұйқы келмейді. Көйлек, заттарын бұрын дайындап қойғанбыз.

Ертесін ерте тұрдық, тамақ ішіп жатқанда жолдастары келді. Бірге шығып клубқа келдік. Біраздан кейін командир: – Сапқа тұрындар! – деп айғайлады. Жылаған ел у-шу. Құлағым бітіп, тістерім ауырып кетті. Пойызға шығарып салдық. Жолда Орал қызу мені сүйіп: – Ұлтай, берік бол. Коп кешікпей қайтамын. Жауды жеңіп бәрі де қайтады. Мына жылаған елдің көз жасы Гитлер фашисттерге жақсы болмас, – деп, пойызға отырды. Мен станцияда бір сағаттай отырып, үйге келсем, Баян қызым жылап қалыпты. Бұрынғы әйелінен қалған қызын сол жылы алғызғанбыз. Ол да үйде жылаған, екеуін құшақтап, жылап уаттым. Жақын уақытта жауды жеңіп келеді. Жыла, қалай жыламаймыз.

Оралдан хат келді: – Ұлтайка, мен осы Ақмолада боламын, бізді қайтадан ойнататын болды. Ұлтайка өзім тағы да хат жазамын, содан соң екі баланы алып мұнда кел. Менің жақын бір қарындасым станцияға жақын тұрады. Сонда тұрасың. Мен Балқаштан Ақмолаға азық тасып, ылғи келіп тұрамын.

1942 жылдың наурыз айында соғысқа жүргізді. Үйге келдік, өз үйім өзіме көңілсіз. Тамақты қай уақытта ішкенімді білмеймін. Ол барда сағат бірде ішіп үйренгенбіз.

Үш сағат нанға тұрамыз. Кейде нан келмейді. Балаларды үйге тастап тамақ іздеп жүгірін жүргеніміз. Ол уақытта нанды карточкамен аламыз. Басқа тамақты анда-санда береді.

Содан соң әскер отбасының балалары балабақшаға алынсын, деп заң шығыпты. Баян қызымды балабақшаға алмады, өйткені туғанда басының зақымы болып туған еді. Есін жақсы білмейді. Дәрігер рұқсат қағаз бермеді. Жұмыс істеуге маған өте қиын болды. Төбемнен құдай бір ұрмады, бірнеше рет ұрды. Бұл халды, не болып жүргенінді кім біледі. Әркім өз жанымен қайғы. Оралдан хат алып тұрдым, хат келгенде қолым дірілдеп, оқығанша асығып тұрушы едім. Мен «Ореке мен екі ай екіқабатпын» – деп хат жаздым. Ол маған былай деп хат жазыпты. – Ұлтайка, сені қысып сүйемін жаным. Ұл туса Отан-Майдан қой. Қыз туса, Дариға қой атын. Қыз туды үш балалармен жүріп жаттым.

Аз уақыттың ішінде, аттестаты да келді. Мен леденны, кәмпит жасауды үйреніп сатып жүрдім. Фин. бөлімшесі маған рұқсат қағаз берді. Осыменен кәмпит сатуды да қойдым. Өкімет жәрдем беретін болды. Жаз шыққанда өзімнің елім туған жерге Ақтоғайға ақ ішіп, балалармен күзде ғана үйге қайтамыз. Оралбайдан ұзақ уақыт хат болмай кетті.

1945 жыл. – Соғыс бітті! – деген хабар радиоменен айтылып жатыр. Жүрегіміз орнынан шығып кете жаздағандай қуанып, жылап. Балаларым, балапандарым, енді папаң келеді. Соғыс бітті. Қараң өшкір қарғыс тиген қарабеттер, құрыды ма! – деп жылаймыз.

Біреп күн өткен соң кір жуып жатыр едім. Үйге бір адам кірді де, қағазды берді. – Бұл не қағаз? – Сізді военкомат шақырып отыр, – деді. Мен бірденені сезгендей аз тұрдым да: – Неге шақырыпты? – деп қайталап сұрадым. – Жоқ, жай, – деді де шығып кетті. Мен киіндім де военкоматқа келдім. – Здравствуйте, мына жерге отырыңыз, – деп маған

орындықты көрсетті. Мен отырдым да бетіне қарадым. Ол маған қарап сөзін жай бастап айта бастады. – Бұл соғыста кім өлмеді. Көп адамдар онда қалды, жылама қатты бол, балаларың бар. Енді оларды өзін тәрбиелейсің, – деп, қара қағазын берді. Тұрып бара жаттым да аяқ-қолым дірілдеп есікті итерсем ашылмайды. Мені біреу сүйеп үйге жеткізді. Ол шығып бара жатты, дәрігер кірді, мұрныма иіскетіп, «у вас с нервами плохо, нельзя разговаривать» – деді. Осыменен өлмей қалдым, өлген әйел едім, өлмей әлі күнге келе жатырмын. Адамның баласынан дүниеде мықты ештеңе жоқ па деп ойладым.

1948 жылы Алматы қаласына көшіп келдім, менің үлкен апайым Қаукен Алматыда тұратын. Жұмысы мұғалім болатын. Олар консерві зауытының жанына ашылған 13-ші мектепте, жездем директор болып жұмыс істейді. Мен, осы жездемнің үйінде уақытша тұрдым. Өзім консерві зауытына жұмысқа түстім. Алғашқы кезде онша қиындық жоқ жұмыс істедім. Кейін фабриканың цехына кірдім. Упаковка жасаймыз. 1949-жылы бір жыл өткен соң бір комната үй берді. Екі смена жұмысқа барамын. Түнде балалар ұйықтайды. Күндіз апайым қарап тұрады. Аздан соң, жеңімпаз болдым. Бәдіретке басып, жеңімпаз деп құрмет тақтасында тұрдым. Жұмысым жақсы. Бірақ не керек үйдің иесі болмағаны қиын екен. Кейде түнде ұйықтап жатсам, есігімді біреу қағып: – Саған не керек? – деймін. – Есігіңді ашсайшы, жеп қоятын нан емессің ғой, – дейді. Бір күндер тағы келіп есігімді қағып тұр.

– Кімсің не керек? – Мен, Баташев Борис, – деді. – Саған не нәрсе керек деп тұрмын ғой деп, – екі рет сұрадым. – Аш, аш! – деп мазамды кетірді. Есікті аштым да, бар күшіммен итеріп жібергенде баспалдақтан құлаған бетімен сырғанап анандай жерге кетті.

– Жынды, ой мынау нағыз жынды ғой деп, көзден жоқ болды. Мен төсегіме келіп жаттым да, қандай басынушылық бұл, күндіз түні жұмыс істейсің. Бұлар, ұйқы бермейді, – деп жылағандай болып жаттым, мыналардың қорлығынай, тұра тұр. Директорге айтып келістігермін. Баташев Борис соғыстан келген капитан. Зауытта күзеттің бастығы. Осы секілді оңбаған жігіттер көп кездеседі. Бұлар қайтып менің есігіме, өзіме тиісуді қойды. Кешірім сұрады менен. Енді онан кейін болған өмірімді біреулер жазар...

СОҢЫ

Бұл кітапқа демеушілік көрсеткен **Жанат, Саят, Кенжеғазы Мұхаммедкәрімқажыұлдарына, Ракман Төлегенұлына, Берік Ермекұлына Шабанбай-би, Шомбай-болыс** бабаларымыздың әруағы жебеп, Алланың нұры жаусын!!!

ШЕЖІРЕ

Шабанбай-би ұрпақтары

Балапан-би

Құржық – Байбол – Байгөншек – Байсақ – Шоңбай-болыс.

1. Құржықтан Бекқұлы /Сопы/, Бекпенбет,

а) Бекқұлыдан Әбдірбай, Туйтебай, Бөртебай, Қабдолла /Әбділда/, Қалиақпар, Ақперген. **Әбдірбайдан** Рақымжан, Бекір.

Рақымжаннан Құтжан, Кәсенбек.

Құтжаннан Мұхит, Қарлығаш, Қамар.

Мұхиттан Марат, Сағат, Болат, Санат, Сандуғаш, Айгул.

Мараттан Нұрдаулет, Айжан, Гулжан.

Сағаттан Қайыржан, Бекжан, Айнаш.

Кәсенбектен Ермек, Серік, Қайырбек, Қанат, Өміржан, Өрал.

Ермектен Берік, Ербұлан, Еркебұлан, Ерен, Ерден, Тілек. **Беріктен** Ердаулет, Ерболат. **Еркебұланнан** Шалқар. **Ереннен** Руслан, Нұрслан.

Ерденнен Ерасыл. **Тілектен** Дидар, Лайла, Бекболат. **Серіктен** Сакен, Еркін, Марғұлан, Ринат. **Сакеннен** Жаннұр, Жасұлан, Ернұр.

Еркіннен Ержан, Нұржан. **Марғұланнан**, Нұрдаулет, Еркнат.

Ринаттан Рақат. **Қайырбектен** Бауыржан. **Өміржаннан** Алданыш.

Бөртебайдан Ыбырақым, Мұқамбетбек, Құсман, Қапас.

Ыбырақымнан Мансур, Муталіп, Аманжол. **Мансурден** Аман, Ербол, Ерғали. **Муталіптен** Тимур, Асхат. **Аманжолдан** Асылхан, Иманәлі.

Қапастан Кәкім, Сара. **Кәкімнен** Мейрам. **Мейрамнан** Айдана.

Қабдолла /Әбілдада/, Садуақастан Мұқажан. **Мұқажаннан** Жұмағали, Жуман /Толеу/, Нуркелді, Ерғали, Жумағали, Қурманғали, Құрманәлі.

Толеуден Ермек. **Нұркелдіден** Еркебулан, Ерлан.

Ерғалидан Ақнұр, Ернұр.

Мажетайдан Ғайни, Мақзум, Өскенбай, Матай, Толеуғазы, Жумағелді. **Жумағелдіден** Жанкелді. **Қалиақбардан** Сарсенбек, Каукербек, Асхар.

Сарсенбектен Жумап, Жумабек, Мырзабек, Саулебек, Манарбек.

Жумаптан Өнербек, Дауренбек. **Өнербектен** Руслан. **Дауренбектен** Рустем. **Жумабектен** Мадениет, Болат, Мурат, Нұрсұлтан.

Мырзабектен Марат. **Сәулебектен** Фарида. **Манарбектен** Ақнұр.

б) Бекпенбеттен Досымбек, Ахметжан, Құлымбек. **Досымбектен** Есімбек, Камила. **Есімбектен** Кулзия, Кәрікұл. **Ахметжаннан** Әсет, Шаймерден, Шорман, Махмұт, Мұбарак, Ұлберген /Ұлжан/.

Әсеттен Телман, Алма, Тимур. **Құлымбектен** Әкімбек, Рақымбек.



**Есенбек Габиден
Мұхаммедкәрімұлы**

Культурология ғылымының
ізденушісі.

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және тілдерді
маданият ішкі істерінің

Қазақстан Республикасының
медаль иегері.

Қазақстан Республикасының
журналистер одағының
мүшесі.